

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП» акциясы

2014 ЖЫЛ КІТАБЫ

Сайын
Мұратбеков



Жусан иісі
Басында
Үшқараның...



КІТАПХАНАШЫНЫҢ ӘҢГІМЕСІ



Кітапхана – тағдырымның тынысы,
Кітапхана – Рухымның мекені.
Менің ғазиз «Өмір» деген жұмысым,
Кітаптардың арасында өтеді.

Кітапхана – жүрегімнің жанары,
Кітапхана – қасиетім, киелім.
Досым, саған қалай айтсам болады,
Кітаптарды.., кітаптарды.., сүйемін.

Маңдайынан дұға лебі шалқыған,
Досым, сен де – Жаратқанның сыйысың.
Сәбилердің иісіндей аңқыған,
Сағындың ба кітаптардың иісін..?

«Әй, шіркін-ай жаңбырдан соң бүр жарған,
Ең алғашқы жапырақтай үлбірек –
Ақын жаны кітаптарда нұрланған,
Өлең болып өзегіме тұнды» , – деп
оқырман қыз маған сырын ашатын,
көздерінен жан әлемі оқылып,
бір кітаппен мауқын әрең басатын,
Кітапханада күні бойы отырып...

Кітапхана – Иман, Сабыр бесігі,
Кітапхана – ақ бастауы арманның,
Кітапхана – ақылыңның есігі,
Досым, саған осыны айтпақ болғанмын.



КІТАПХАНАДА — ЖАҢА БАСШЫ!

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры лауазымына Үмітхан Дәуренбекқызы Мұңалбаева тағайындалды. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 16 маусымдағы №79-К бұйрығы негізінде аталған ведомствоның жауапты хатшысы Қуатжан Уәлиев кітапхана ұжымына жаңа басшыны таныстырып, бірқатар тапсырмалар мен міндеттер жүктеді.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Үмітхан Дәуренбекқызы – Алматы облысы Шелек ауданының тумасы, ұлты – қазақ, білімі – жоғары.

Үмітхан Дәуренбекқызы – 1977-1979 жылдары Есік педагогикалық училищесінде бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша білім алған. Сонымен қатар, 1983-1988 жж. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің дефектология факультетін, 1996-1998 жж. Қырғыз Мемлекеттік университетінің Заң факультетін үздік белгімен бітірген.

Ең алғашқы еңбек жолын тәрбиешіліктен бастаған Үмітхан Мұңалбаева Алматы қаласындағы №77 мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, көп ұзамай Алматы облыстық әкімшілігінде «Тілдерді дамыту» бөлімінің бастығы, «Алматы облыстық Қазақстан халықтары Ассамблеясы хатшылығының» бас маманы қызметтерін абыроймен атқарады. Бұдан кейінгі қызмет баспалдағы 1988-2001 жж. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Қазақстан халықтары Ассамблеясымен жұмыс жүргізу жөніндегі бас маманы дәрежесіне жеткізілді.

Үмітхан Мұңалбаева қазіргі қызметіне дейін Астанадағы аспан асты мұражайы – «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенін 13 жыл бойы басқарыпты.

«Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені – ICOM (International Council of Museums) халықаралық мұражайлар кеңесіне мүшелікке енген тұңғыш мекеменің бірі.

ИКОМ Қазақстан Ұлттық комитетінің төрайымы әрі ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшесі Үмітхан Дәуренбекқызы ғылыми-танымдық бағыттағы Халықаралық және республикалық басылымдар – «ИКОМ Қазақстан. Қазақстан мұражайларының мұрасы», «Астана қаласының мәдени мұрасы» журналдарын жарыққа шығару жұмыстарына жетекшілік етуде. Сонымен бірге, ТМД елдері мәдениеті тарихындағы тұңғыш жоба – «Мұражай педагогикасы» оқулығының авторы әрі инициаторы.

Мәдениет қайраткері Үмітхан Дәуренбекқызы түрлі лауазымдық қызметтерді атқара жүріп, ұлттық құндылықтарымызды жинап, сақтау ісіне сүбелі үлес қосты, қазақ мәдениетінің жетістіктерін насихаттауда да аянып қалған емес.

Осылай, елге сіңірген ерекше еңбегі үшін Үмітхан Мұңалбаева «Ерен еңбегі үшін» (2005 ж.), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 ж.) медальдарымен, «Қазақстан Республикасы Туризмнің құрметті қызметкері» төсбелгісімен (2011ж.) марапатталған. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақстан Республикасы Білім саласының құрметті қызметкері» тәрізді құрметті атақтарға лайық танылған. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінен бастап бірқатар билік органдарының алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталған.

Бүгінде біздің басшымыз Астана қаласы Есіл ауданы Бақылау одағының және Қазақстан мұражайлары қауымдастығының төрайымы ретінде қоғамдық істердің де көшбасында келеді.

Редакциялық алқа төрайымы
Үмітхан МҰҒАЛБАЕВА
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, педагогика ғылымда-
рының докторы, профессор

Әкім ТАРАЗИ
Майя ЖИЕНБАЕВА
Сауытбек АБДРАХМАНОВ
Тұрсын ЖҰРТБАЙ
Хабиба АҚЖІПТОВА

Бас редакторы
Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ

Бас редактордың орынбасары
Гүлжанат ЖҮБАНИЯЗОВА
Редакторы Айсұлу СЕЙІЛОВА
Дизайнер Санель АМАНОВА

Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі Мәдениет
және өнер істері комитетіне қарас-
ты «Астана қаласындағы Қазақ-
стан Республикасының Ұлттық ака-
демиялық кітапханасы» республика-
лық мемлекеттік мекемесі.

Журнал Қазақстан Республикасы-
ның Мәдениет және ақпарат ми-
нистрлігінде тіркеліп, 2009 жылғы 12
қарашадағы №10493-Ж куәлігі бе-
рілген.

“PRINT HOUSE GERONA”
баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Алматы қаласы,
Қ. Сәтпаев көшесі, 30 а, 124 кеңсе.
Тел.: 8 (727) 2 504 740, 3 989 462

Жазылу индексі:
“Қазпочта”, “Евразия Пресс”,
“Эврика Пресс” 74330

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қаласы, Достық көшесі, 11.
Тел.: 8 (7172) 285266,
8 (7172) 446241
e-mail: kitap446241@gmail.com

Бас редактор бағаны.....5	КӘСІП КЕЛБЕТІ Майя ИСАКАЕВА Көне тарих куәсіндей.....38
МЕРЕЙТОЙ Айсұлу СЕЙІЛОВА Көктемде дүниеге келген кітапхана.....6	ЮБИЛЕЙ Валентина ПАК В поисках истоков; из опыта работы над сборником «Первая библиотека Карағанды».....40
ӨНЕР АЛДЫ – ҚЫЗЫЛ ТІЛ «Мәңгілік ел» шешендік өнер әліпби тренингі.....8	Юлия ПИСКУНОВА По страницам истории библиотеки....44
ЮБИЛЕЙ Гүлжанат ЖҮБАНИЯЗОВА Класс от мастера.....10	КӘСІП КЕЛБЕТІ Толқын САҒЫМБАЕВА Қазіргі заманғы жоғары оқу орны кітапханаларының жеке тұлғаны тәрбиелеудегі ролі.....48
ЮБИЛЕЙ Леся СОКОЛЬСКАЯ Акустический комфорт: в поисках библиотечного решения.....12	Қарылға МЕДЕНОВА «Кітапхана – мәңгілік елдің мәдени мұрасын дамытумен сақтап қалудағы ақпараттық орта».....51
ТАҒЫЛЫМДЫ ТАҒДЫР Айгүл КЕМЕЛБАЕВА Әлкей Марғұлан қазақ ғылымындағы айбарлы ақын еді.....15	ОПЫТ Зоя ВАРИНКЕ «Мира не узнаешь, не зная края своего».....53
ЖАҢА КІТАП Жүректерге нұр сыйлап.....19	БИБЛИОТЕЧНОЕ ПОЛЕ Татьяна РУДКОВСКАЯ Супер-читиво.....58
ЖАҢА КІТАП Тұңғыш «twinbook» – төрімізде!.....20	КӘСІП КЕЛБЕТІ Гүлжан КУРУМОВА Шәкірттің санасына сәуле шашып.....60
ЖАҢА КІТАП «Берлин балықтары» романы қазақ тілінде жарық көрді.....21	БИБЛИОТЕЧНОЕ ПОЛЕ Елена ВОСКОБОЙНИКОВА-ГУЗЕВА Развитие библиотечно-информацион- ной сферы Украины и общегосудар- ственные приоритеты.....62
ЖАҢА КІТАП Қайыркен НҰРАЛИНОВА Кітапханаға «құнды тарту!».....22	ПӘЛСАПА ТАМШЫЛАРЫ Қайсар ӘЛІМ Жеке кітапхана жемісі.....68
КАЗНЭБ Гульшат ДАРИБАЕВА Наполнение казахстанской национальной электронной библиотеки: опыт, проблемы и пути решения.....24	ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ Айгүл КЕМЕЛБАЕВА Сурет тілі – тілсіз тіл.....73
ОДНА СТРАНА – ОДНА КНИГА Маржан ВАПИУЛИНА Проза Саина Муратбекова – жемчужина казахской литературы.....29	КІТАПХАНАШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ Айнұр ТӨЛЕГЕНОВА Жаңашыл жастар – біздің болашағымыз.....78
КІТАП МҰРАЖАЙЫ Сәуле ӨМІРӘЛИЕВА «Қазақ кітабы – қай дәуірде де әлеуметтік өмір айнасы».....34	

СОДЕРЖАНИЕ



Қымбатты біздің оқырмандарымыз, әріптестер!

Жаз бізді тосын мінезді, қияңқы, өркелеген қыз баладай көктемді кейінге қалдырып, жасыл жапырақтардың иісі аңқыған шуақты ауа райымен қарсы алады. Жаздың самал желі қыстың ызғырығы, қатты аязы туралы мүлде ұмыттырып, сені алдағы демалыс маусымы, «күн, теңіз және су жағасы» секілді ойларға батырады.

Біз үшін жаз тағы бір жағымды оқиғамен – журналымыздың кезекті нөмірінің жарыққа шығуымен атап өтіледі.

Өздеріңіз білетіндей, қымбатты әріптестер, осы жылғы сәуір айында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы өзінің 10 жылдық мерейтойын атап өтті. Кітапхана өміріндегі маңызды күнге байланысты көрнекті қоғам қайраткерлерінің, депутаттардың, облыстық кітапхана қызметкерлерінің қатысуымен кең ауқымды бағдарлама дайындалды. Мерекелік бағдарлама шеңберінде өткізілген барлық іс-шаралар біздің осы нөмірімізде беріледі.

Қазіргі нөмірдің беттерінде біз сіздердің назарларыңызға Талдықорған қаласында «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында өткізілген «Сайын Мұратбековтың прозасы – алтын ғасыр әдебиетінің маржаны» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференциядан мәлімет ұсынамыз. Сондай-ақ сіздер мерейтойын атап өткен екі облыстық кітапхананың – С. Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының және Н. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының тарихымен таныса аласыздар, сонымен қатар Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхананы толымдау барысында ҚРҰАК қорына түскен жаңа кітаптар туралы білетін боласыздар.

Құрметті біздің оқырмандарымыз, бізбен бірге болыңыздар, сіздерді кітап, оқу әлемі туралы көптеген қызықты және пайдалы ақпараттар күтіп тұр!

Ізгі тілекпен,
бас редактор Фалыя БӘКБЕЙКЫЗЫ

КӨКТЕМДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН КІТАПХАНА...

70
ЖЫЛ

Қазақстан Республикасының
Ұлттық академиялық
КІТАПХАНАСЫ



23 сәуір - Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық күні, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының құрылған күні (23.04.2004). Осы он жылдық мерейтойына байланысты аталған кітапханада Ашық есік күні өтті.

Салтанатты жиында ең бірінші сөз тізгінін ұстаған Фаля Бөкейқызы кітапхананың қалыптасу, даму тарихына тоқталып, бас қаладағы бірегей мекеменің бастауында тұрып, бүгінгі қалпына жеткізуге жан аямай тер төккен тұлғаларға шын ниеттен алғыс білдірді.

Мерекелік шараға Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты Жабал Ерғалиев, ҰҒА академигі Фарифолла Есім, Ұлттық академиялық кітапхананың

МЕРЕЙТОЙ

тұңғыш бас директоры, Қазақстан Республикасы Кітапханашылар ассоциациясының президенті Роза Бердіғалиева, Назарбаев Университеті кітапханасының директоры Әлия Сәрсембинова, Назарбаев Университеті кітапханасы директорының орынбасары Джим Эйджи, аймақтық кітапхана өкілдері және кітапхана ардагерлері қадірлі қонақ ретінде қатысты.

Бұл кітапхананың дүниеге келу дәуіріндегі дәйекті дәлелдерді Қазақстан Республикасы Кітапханашылар ассоциациясының президенті Роза Бердіғалиева баяндап берді:

– 2000 жылы Ұлттық кітапханада бас директор едім. Сол күндердің бірінде Президент Нұрсұлтан Әбішұлы кітапханамызға келіп, «кітапхана қандай болуы керек, астанаға кітапхана құру қажет пе?» деген сөкілді сауалдар қойды бізге. Сонда біз ұжым болып қазіргі заманға сай кітапхана құрылса, оның қоры қазақ тіліндегі кітаптармен толықтырылса деген ниетімізді білдірдік. Араға бір жыл салып баспасөз бетінде жаңа кітапхана құрылатындығы туралы мақала жарияланды. Әрине, көңілімізді қуаныш кернеді. Бірде біздің қолымызға хат келіп түсті, хат мәтінінде жаңа кітапхананың тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігі баяндалған. Конгресс кітапханасынан кем болмай, он қабатты кітапхана салынады деп ойладық. 2003 жылы менен «кітапхананың директоры боласыз ба?», – деп сұрады. Мен келісімімді бердім. Сөйтіп, кітапханаға келсек, төрт қабатты екі миллионға ғана есептеп салыныпты. Кішігірім ғимаратта ғаламторға енуге де мүмкіндік болмаған еді. Сонымен, бір жылдай уақытта тұжырымдама жазылып бітті, осылай «кітапхананың керемет картинасы» дүниеге келді. Соның нәтижесінде, 2004 жылғы 23 сәуірде Астана қаласындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» Мемлекеттік мекемесін құру туралы Үкіметтің №461 Қаулысы шықты. Міне, біздің еңбегіміз еленіп, серпінді дамуға құлаш сермеген кітапхана көз алдымызда қалыптасып келеді. Ғұмыры ұзақ болсын!

Осылай, он жылды мұрағат қойнауына мәңгілікке қалдырған кітапхананың тарихын, таңғажайып оқиғалар көрінісін саралай келе кітапхана әкімшілігі оқырмандарын, серіктестерін және қызметкерлерін марапаттауға кезек берді. Алдымен, жазушы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Жабал Ерғалиевке кітапханамен белсенді ынтымақтастығы үшін «Кітапхана жанашыры» медалі табысталды. Ал философия ғылымдарының докторы, академик Ғарифолла Есім «Оқуды қолдаған ең үздік қайраткер» аталымы бойынша сертификатқа ие болса, М. Масенованың сертификаты «Алғашқы оқырман» болғандығын айқындайды. Сонымен қоса, қазақстандық бірқатар кітапханашылар «Кітапхана ісінің шөбері» медалімен марапатталды.

«Ұлттық ұғымға ұласқан кітапхана» тақырыбындағы көрмеге қойылған құжаттық материалдар кітапхананың іргесі қаланған күнінен бастап бүгінге дейінгі қалыптасу кезеңдерін сипаттайды.

Кітапхана тарихының жарқын бетіне айналған атаулы күнде қонақтар кәсіби-танымдық бағыттағы бірнеше шеберлік сағаттарына қатысып, арнайы дәрісті тыңдауға мүмкіндік алды. Айталық, Қазақстан Республикасы Кітапханашылар ассоциациясының президенті Р. Бердіғалиеваның шеберлік сағаты; Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, шешендік өнерді зерттеуші Б. Мұсабековтың шешендік өнер туралы сабағы; Челябинск Мемлекеттік мәдениет және өнер академиясының оқытушысы Л. Сокольскаяның «Акустический комфорт: в поисках библиотечного решения» атты дәрісі. Бұдан әрі қарай журналымыздың осы санында дәріскерлер материалдарынан қысқаша үзінді ұсынылады.

Айсұлу СЕЙІЛОВА



«МӘҢГІЛІК ЕЛ»

ШЕШЕНДІК ӨНЕР ӘЛІПБИ ТРЕНИНГІ

(Бақытқали Мұсабековтің материалынан)



«Жас кезімде жинақтаған қазақтың би-шешендерінің сөзіне өз басым таң қалатынмын. Ойпырмай, ә! Оқымаған, қараңғы халықтың сөздері, ақыл-ойы анау гректің Сократы, Платоны, Аристотелінен артық болмаса, кем емес!»

Үстіміздегі жылы Абай оқуларына қатысқан өдім. Сол жиында қазақтың би-шешендерінің белді өкілдерінің бірі Мөңке би толғамдарының батыс ғұламаларынан басым түсетінін түсіндіріп өттім.

«...Қазақтың болашағы қандай болады?», – деген сауалға болмысынан сәуегей Мөңке би бабамыз былай деп толғапты:

Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішіне шынтақ айналмайтын
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң ауырып қалатын
Бедірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестөп өтетін
Кекірей деген көлінің болады.
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің ішпейді,
Бірақ адам оған құмар болады,
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.
Ит пен мысықтай ырылдасқан,
Еркек пен қатының болады...
Соның бәрін көресің,
Көріп барып өлесің...

...Қазақтың би-шешендерінің мұрасын насихаттайын деген ниетпен үлкен туындылар жасаған өдім. Шешендік өнерді алдымен, өркімнің қанына сіңдірейін деп, оған «шешендік өнер әліпбиі» деген айдар тағып, он сабақ әзірлеген болатынмын.

Сонымен, қоғам неден қорқады? Ең бірінші, адам өлімінен, ажалдан, жақындарын жоғалтудан қорқады. Екіншіден, сөз сөйлеуден қорқады. Мұны Бұқар жырау бабамызша тарқатсақ: «...Ел бастау қиын емес, қонатын жерден көл табылады. Қол бастау қиын емес, шабатын жерден ел табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ».

Енді жоғарыда ескерткен он сабақтың бірекеуіне тоқтала кетейін.

Бірінші сабақ

Көпшілік алдында сөйлеу қорқынышынан арылу. Бұл тәжірибенің кемдігі, білім деңгейінің төмендігінен болады. Психологиялық дайындық қажет. Өзіңе сенімді, берік бол. Күлкі болудан қорықпай-ақ қойыңыз.

Екінші сабақ

Ортаға шыққан кезде нендей мәселені, нендей мақсатты алға тартамыз? Осы жағын нақтылап, жоспарлап алуымыз керек. Негізінде, үш сөйлем мүшесінің (зат есім, сын есім және өтістік) сұрақтарына жауап беретіндей болуы керек. Қысқасы, өз сөзіңізден өзіңіз ләззат ала біліңіз, қолданып, байқап барып, тәжірибе жинақтаңыз. Тарихта тек шешен, билердің аты қалады. Сондықтан, машықтанып, тәжірибе алған кез келген шешен қай ортада болсын өзін еркін сезінеді...

Жалпы адам баласына «Кім жақын? Не қымбат?». Нақ осы сауалдарға кезінде Қазыбек би бабамыз былайша жауап беріпті:

– Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты болса, көлінің жақын.
Алдыңа тартқан адал асың,
Қимас жақын – қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын.
Еркелейтін нөмерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын.
Жан серігің жас кезіңнен,
Бәрінен де әйелің жақын...

Алтын ұяң – Отаның қымбат,
Құт берекең – атаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат,
Асқар тауың – өкең қымбат,
Туып өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат...»



Қазақстан Республикасының
Ұлттық академиялық
КІТАПХАНАСЫ

Класс от МАСТЕРА

В рамках празднования 10-летия нашей библиотеки был организован мастер-класс от президента Библиотечной Ассоциации Республики Казахстан, первого генерального директора НАБ РК, кандидата исторических наук Розы Бердигалиевой.

Вашему вниманию предлагаем выдержки из состоявшейся встречи с ветераном библиотечного дела, открывшим дорогу в эту профессию десяткам людей и показавшим все плюсы и минусы этой, как и любой другой, деятельности.

С присущей ей обаянием и харизмой Роза Амангалиевна быстро расположила к себе зал, заряжая присутствующих неудержимой энергией, оптимизмом и своими фонтанирующими идеями. Абсолютно незаметно пробежал отведенный ей час времени, в течение которого было сказано много – и опыт прошлых лет, и новаторство в библиотечной сфере, и, конечно же, «о своем, о женском». Итак, передаем слово Розе Амангалиевне.

ЮБИЛЕЙ

«Во-первых, хочу поблагодарить Национальную академическую библиотеку за приглашение на этот чудесный праздник. Я очень рада, что встретила еще раз с вами, вокруг знакомые, приятные лица, атмосфера тепла и доброты. Потому что библиотека – это для меня все. Я отдала более 50 лет служению на этой ниве, и продолжаю по сей день. Сейчас я работаю в консерватории г. Алматы. До этого занималась формированием библиотеки Казахского Национального университета после их переезда в новое здание «Шабыт». Наряду с этим начала заниматься проектами по библиотечному делу. Написала проект «Электронная нотная библиотека Казахстана», который получил финансирование и мы начали оцифровку нот КазНУИ. Но, как оказалось, одних нот этого университета было недостаточно. Поэтому в Алматы Жания Аубакирова на базе консерватории открыла библиотечный информационный центр, где я и работаю директором. На сегодня в рамках проекта оцифровано 45 тыс. документов. Поэтому, возможно, дорогие коллеги из областных библиотек, нам предстоит сотрудничество в этом направлении.

На данный момент мною движет одна цель – усилить казахстанский контент в Интернете. Так как в этом году темой Библиотечной Ассоциации РК, которую я объявила в Таразе в прошлом году, является трансформация библиотек в Интернете. Мы, библиотекари, должны захватить Интернет, иначе нас постигнет малоприятная участь кануть в Лету. Мне всегда хочется, чтобы наша работа отражалась в социальных сетях, чтобы мы были активными и современными. Потому что, мы с вами прекрасно знаем, в последнее время все чаще возникают вопросы о необходимости библиотек. Для этого мы должны расширить рамки библиотечной деятельности.



Я являюсь экспертом по странам СНГ в комиссии по Азии и Океании. Мы встречаемся, обсуждаем и решаем возникшие вопросы. Недавно такая встреча состоялась в Малайзии. Среди прочих тем также обсуждалась тема не просто участия, а именно выступления представителей стран СНГ на международных форумах. О нас должны знать! Ведь зачастую нашу страну представляет довольно внушительная делегация, но ни одного выступления, доклада ...

В октябре текущего года в Алматы состоится «Культурная столица СНГ - 2014». И так как я состою в оргкомитете, предложила в рамках мероприятий провести и «Библиотечную столицу - 2014». Темой встречи будет работа городских ЦБС и детских и юношеских библиотек. Толчком к выбору темы стало создание городской библиотечной системы в Москве, со своим законом, положением.

Порой мы бываем заиклены на работе, а если оглянуться, то вокруг столько прекрасного! Нужно просто уметь все это увидеть. А чтобы это увидеть нужны внутреннее спокойствие и любовь! Особенно это важно при работе в женских коллективах, какими часто являются библиотеки. Нужно радоваться жизни и дорожить каждой минутой. Вот и я решила открыть в себе новую грань – беру частные уроки вокала для профессионального пения. В человеке столько всего сокрыто! Нужно уметь это разглядеть и применить. Поверьте, если закрывается одна дверь, то открывается другая».


Гулжанат Жубаниязова



Леся СОКОЛЬСКАЯ,
доцент кафедры «Библиотечно-информационная деятельность»
Челябинской государственной академии культуры и искусства,
кандидат педагогических наук

Акустический комфорт: в поисках библиотечного решения

Любое учреждение имеет как визуальный, так и акустический образ. Библиотеки традиционно воспринимаются как учреждения тишины. Более того, бесшумность библиотек стала важнейшим отличительным признаком. Тишина – главный фактор, дающий представление об идеальной библиотеке. Вот фразы, незамысловатые рифмы на эту тему: «Библиотека, в зале тишина. Ты здесь сидишь, часов не замечая», «Тишина в библиотеке. Запах книжной пыли сладок» ... И таких стихов можно найти очень много.



Безусловно, были и есть причины складывания традиции «бесшумного» образа библиотеки. Я думаю, две группы. Первая – технологические причины. Библиотека никогда не была учреждением, требующим активного использования звукопроизводящих механизмов. И то, что различного рода подъемники, тележки для книг в больших библиотеках используются уже столетия, а позже появились лифты, передвигающиеся стеллажи, печатные машинки, телефоны, магнитофоны, кондиционеры и другое оборудование, это все не выводило общее состояние библиотек за рамки тихих учреждений. В значительной мере это было связано и с тем, что шум скрадывался классическими методиками строительства, книгами, ковровыми покрытиями.

Современная жизнь наполнила техникой, механизмами и библиотеки. И во многом они ориентированы на молодых, продвинутых пользователей. Компьютеры, ксероксы наполняют библиотеку тех-

нологическим шумом, который, возможно, далее следует именовать функциональным звуком, без которого представить ее уже невозможно. Однако, одной лишь констатации этого факта недостаточно, так как однозначно, он привносит в библиотечную жизнь серьезные социальные, медицинские, архитектурно-планировочные проблемы. А именно, создают определенный психологический дискомфорт для определенной части пользователей, который может оттолкнуть их от библиотеки, негативно воздействовать на некоторых читателей библиотеки, вызывая неприятные ощущения, усталость, головную боль.

Требуется разработка новых методик строительства библиотечных зданий, включающих использование звукоизолирующих окон, стен и потолков для защиты от внешних шумов, звукопоглощающих фильтров и другое. Вопрос этот настолько специфичен, что требует особого обсуждения, и в данном

случае я только ограничиваюсь его постановкой.

Вторая группа причин формирования образа тихой библиотеки – это социальная. Само наименование нашего учреждения с выраженным религиозным подтекстом, я имею в виду слово «Библия», отражающий действительно исторические корни, создавали традицию храмового отношения к библиотеке. До сих пор применяется метафора «храм культуры». Как вам известно, храм – убежище покоя и тишины. Поэтому в библиотеке-храме должна быть торжественная тишина.

Весьма существенное значение имеет в нашем случае и такой интересный факт, как эволюция способа чтения. Многие годы чтение осуществлялось только вслух. Соответственно, если оно происходило в помещении библиотеки, то сопровождалось неизбежным шумом – все сразу читали вместе вслух. Однако в конце XIII века положение меняется. В университетах Сорбонны, Оксфорда, Кембриджа библиотеки устраиваются в центральном зале, устанавливаются столы-пюпитры, скамьи, где читатели сидят рядом. Именно в XIII веке в библиотеках начали требовать соблюдения тишины. Прежде, когда все читали вслух, голос каждого был заслоном от другого. Когда перешли на чтение «про себя» шум перестал быть помехой. Идеологические обстоятельства развития библиотечного дела намного усугубили образ тихой библиотеки. Пафос советского библиотечного учреждения состоял в том, что оно руководящее чтением, развитием, назидательное что и как читать, управляющее этим процессом. Несколько придавленное положение читателя такой библиотеки, имеющее мало прав, невольно заставляло его в столь значимом общественном учреждении строго соблюдать его предписания.

Действительно, атмосфера библиотечной тишины обеспечивалась и документами, и личным примером и контролем библиотекарей. До сих пор мы не можем извести из общественного сознания стереотип библиотекаря – «серой мышки» в шерстяных носках и тапках.

Но все изменилось в нашем библиотечном царстве-государстве. Настолько изменилось, что рушатся вековые традиции. Более того, именно на таких примерах, как в частности, тот, о котором я говорю, разрушение образа тихой библиотеки, и можно увидеть, насколько меняются такие глобаль-

ные профессиональные основы, как философия и идеология информационно-библиотечного обслуживания.

Не меньше звуков в атмосферу библиотеки приносят новые социальные обстоятельства. Общая демократизация жизни, признание прав личности на многие свободы, даже определенное культивирование идеи на свободу самовыражения человека сказались и на поведении людей, как пользователей библиотек. Как всегда эта тенденция зародилась в американских и европейских библиотеках.

Сегодня, однако, возникает несколько поводов задуматься, перестали ли мы считать тишину одним из ценностей библиотеки или всего лишь боремся за достойный компромисс. Как показывает зарубежный опыт, реально присутствующий сегодня и одно и другое.

Но, тем не менее, есть все основания констатировать, что шум в современной библиотеке – звук ее новой рабочей атмосферы, связанный, как с использованием техники, так и с изменением отношения к библиотеке и статуса ее пользователя. Вероятно, признанием этой реальности и объясняется тот факт, что проблема шума и тишины в библиотеках нашла отражение даже в таком авторитетном документе, как руководство ИФЛА по работе публичных библиотек (в России опубликовано в 2011 г.). В его разделе «Назначение помещений» говорится о том, что при проектировании здания новой библиотеки необходимо предусмотреть различные предназначения помещения, в том числе такие, где соблюдается полная тишина, достаточно тихие помещения для учебы и чтения. И в то же время помещения, где, однозначно, будет главенствовать звук, достаточно просторные, удобные помещения для публики, позволяющие пользоваться библиотекой надлежащим и удобным образом, пространства для групповых встреч различных размеров, отделы для молодежи должны иметь оборудование для компьютерных игр, телевизоры или плазменные экраны. Зонирование, входящее в практику многих библиотек, предполагает возможность разного шумового режима.

И в заключение хотелось бы отметить, что адекватность акустического образа современной библиотеки следует рассматривать как фактор ее динамичного социального развития.

Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның 110 жасқа толуына, сонымен қатар Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының 10 жылдығына арналған «Әлкей Марғұлан және қазақ ғылымы» тақырыбындағы «дөңгелек үстел» мамыр айының аяғында Ұлттық академиялық кітапханада зор энтузиазммен өтті.

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

қазақ ғылымындағы айбарлы ақын еді

Астананың зиялы қауымы бас қосқан бұл жиынға Әлкей Марғұланның туған қызы Данель Әлкейқызы Алматыдан арнайы келіп қатысты. Академик Әлкей Марғұлан тұлғасы мен феномені туралы сүбелі әңгіме қозғалып, ғалым ғұлама қазақ рухының жоқтаушысы болып, ғылымның сан саласында олжа салған рухани болмысы кейінгі буын жадынан ешқашан өшпейтінін бұл басқосу анық айғақтады.


«Дөңгелек үстелді» Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мақсат Алпысбес жүргізді.

Ең алғаш сөз алған философия ғылымдарының докторы, академик **Жабайхан Әбділдин:** «Ол кездегі қазақтың нағыз тарихы – көне тарих. Нағыз тарих тереңде. Мағжан Жұмабаевты пантюркист деген соң көне тарих ешкімге керегі жоқ сияқты болатын. Соны тұңғыш көтерген Әлкей Марғұлан – қазақтың ұлы данасы, бүкіл халыққа өнеге айтатын, өткенін білетін, болашақты болжайтын. Бұл кісінің білмейтіні жоқ, архивті терең білетін. Ол қазақ тілінің ұмытылып бара жатқан қатпарларын зерттеп көтерді. Ескі қазақтың әдет-ғұрпы, мінезі, Күнге, Айға, жұлдызға қа-





лай қарағаның, отқа табынғаның, тәңіршілдікті терең білді, ұлтқа тән этнографиялық құндылықтардың тамырын зерттеді. ...Қазақ экологияға ең ізетті, мал бағып, табиғатпен бірге өскен халық. Соны арқасында қазақ дүниетанымы ерекше халық болып қалыптасты. Әлкей Марғұлан ең көне мәдениетімізді ашты. Мыс қорыту, темір, металлургия біздің дәуірге дейін болған. Көктен түспеген халық... Әлкей Хаканұлының жасаған ерлігі – Шоқан Уәлихановтың 5 томдығын шығарды, Шоқан мұрасымен 10 жыл отырды. Шашылып кеткен нәрсе. Соның бәрін тапқан Әлекең, талдап, қазақ халқының кәдесіне жаратуға берді. Ғылымға деген ұлы сүйіспеншілік, үлкен білімділік. Тарихты жақсы білген соң ол «Қазақ халқы кім?» деген сұраққа жауап берді. Қазақ деген жартылай көшпелі халық. Көне замандарда қазақ жерінде 400-ге тарта қала болды. Қыстауы, жайлауы болды, жайлауында бірнеше құдығы болған. Өзен жиіінде, тау бөктерінде, шөп бұрқырап өскен жерде қазақ мекендеген. Жылқыға жер астында шөп болса болды. Әлкей Марғұланның 14 томнан тұратын ғылыми шығармаларында үлкен қазына жатыр», – деп түйіндеді сөзін.



«Әкем ас үстінде үнемі мынаны ескертетін еді. Жарық дүниеде мәдениетті тамаша түсінетін екі халық бар: бірі – француздар, екіншісі – қазақтар. Сол сөз шындық екенін енді түсіндім. Туған халқын сонша жақсы көретін. Қазақ халқының мәдениетін жан-жақты тексерген адам. Мыңдаған шақырымды жаяу басып өтті. Қазақ жерін құба жон, тіршіліксіз деген сөз теріс екенін көрсетіп берді. Отырықшы тайпалар көшті қамдайтын. Жезқазған-Ұлытау аймағын алғаш зерттеді. «Таңбалы таста» қазақ тайпалары «Алаш!» деп ұран шақырып, ұлт болуға қадам жасады, қазақ осыны білу керек деп отыратын. «Сарыарка. Горное дело» атты кітабын ешқашан баспайтын шығар деп ойлайтын. Қазақ жері металл игерудің басы болды. Бұл жаңалық ұлттық әрі адамдық мақтанышқа бек лайық деп айтатын еді. ...Әкем қатты дауыс көтермейтін, даукес адам емес, иіні жұмсақ адам еді», – деп естелік айтты ардақты әкесі туралы қызы **Данель Әлкейқызы**.

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАҒДЫР



Жазушы-ғалым **Тұрсын Жұртбай** да академик тұлғасына көз көргенін қосты: «Әлкей Марғұлан қазақ халқының алтын, қормалды дүниесін жаңғыртты. Мұрағатану, археология, этнография, фольклор, т.б. ғылымдар Әлкей Марғұлан болмаса ойсырап қалар еді. Мен Әлекеңнің 21-ден астам мақаласын жариялаған екенмін. Ойлау жүйесі біздің күнделікті үйренген ырқымыздан тыс екені таң қалдырады. Әлекеңнің өміріндегі ең қиын кезеңдері 1930-1934 жылдар. Бішкек арқылы Қандыадырға қолжазбасын тыққан екен, таба алмай кетті. Өзінің ең қимас заттары бар еді, Данель апай соны Отырар кітапханасына берді. 5 томдық эпистолярлық жанрдағы хаттарын дайындап жатырмыз. 1932-34 жылғы ашаршылықтан келген соң Әлкей Марғұлан Орталыққа, Қазақбаевқа өлде ашаршылық деп хат жазады. Репрессия басталғанда Комаров Әлекеңе: «Сен Қазақстанға қайтпа, із жасыр», – деп ақыл берген. Сөйтіп, жас күнінен Әлекеңді қазақ халқының бақыты үшін Құдай сақтап аман қалған. ...Ол кезде Әбдіжә-

міл Нұрпейісов бастатқан Ілияс Есенберлиннің жаулары болды. Әлекең маған: «Есенберлин аяулы жазушы ғой, Әуезовтан соң қазақтың тарихын көтерген жазушы. Рушылдықты зерттеші сен», – деді. Әуезов Лениндік сыйлықты алған соң Қаныш Сәтбаев екеуін шақырып алды, «Абылай мен Кенесары қалып бара жатыр, Мұхтар, сен сыйлық алдың, Әлеке, сен академиксің, дайындаңдаршы», – дейді. Сонда Әуезов қайтадан «Хан Кенені» жазған ғой. Әлкей Марғұланның Абылай туралы жиғаны Ұлттық мұрағатта жатыр. Омбыдағы барлық мұрағатта Әлекеңнің қолы бар. Әлкей Марғұлан – ғылымдағы ақын. Жазғандары көркем эпос сияқты».

Зейнолла Самашев, тарих ғылымдарының докторы, археолог-ғалым: «Әлекеңнің көп саланы иемденуі кездейсоқ емес. Ең тамырынан бастау керек болды. Көне металлургия мәселесіне ауысты. Дұрыс мағлұматтар алу идеясынан туған болатын. Екінші дүниежүзілік соғыстан соңғы қа-

зақ ғылымында кісі аз болды. Ғұлама ғалымға айналғаны қазақ руханиятын қызғыштай қоруынан. Евроцентристік идея, орыс ғалымдары да біздің халықты көшпелі дейді. Көне мыс қорыту, қола табу, бұл істің артында не жатыр? Отырықшы, кен қазушы қоғамда өлеуметтік топ болуға тиісті. Таза металл шығарады. Көне металлургия орталықтарының барлығына енді назар аудара бастады. Қалба, Алтай, Нарын орталық Қазақстан жерінен шыққан кен Иракка дейін тасымалданған екен. Сауда дамыған өркениет. Қазіргі ғалымдар енді мойындады. Қазақ даласындағы төл мәдениет – Беғазы-Дәндібай мәдениеті екенін мойындады. Сарайшыққа көп көңіл бөле бермейді. Империяның 3-ші қаласы болған. 1950 жылы Әлкей Марғұлан Сарайшықты қазған».

Қарағандыдан келіп қатысқан Әлкей Марғұланның нөмөре інісі **Мырзакәрім Адашұлы** «Ұлы атам – Толыбай би. Әлкей атам 5 жасында толығымен арабша хат таныпты. Ол хиссаны жатқа айтса, аталары бата берсе, өйелдер жылап отырады екен. «О, шіркін, туған жер!» – деді бірде Әлкей атам. Атақоныстың тау-тасының атауын, тарихын білетін. «Қисық тау деп неге аталған?» десең: «Ол таудың төрт құбыласы мол жайылым. Балалар төлді бағады. Бұзаулар жамырап кетеді. Балалар сол тауға қашып тығылып, содан Қисық тау делінген. Сол тауға барып білімін ашқан. Атам мені біртүрлі жақсы көруші еді, сен Хаканға тартқансың, ұлың туса атын Шоң қой деді. Асқар қойдық».

Тарих ғылымдарының докторы, профессор **Жамбыл Артықбаев** ғалымның еңбектерін әлі де терең зерттеу қажеттігін алға тартты: «1990 жылғы конференцияға қатыстым. 4 томдық қазақ этнографиясының 1 томын Әлекеңе арнадым. Біз игі-жақсыларымызды өлемдік дәрежеде тұлға ретінде зерттей алмай жатырмыз. Шүршітқырған тауы тұр. Неге шеткі ауыл дейді? Жауға қарсы қойған соң. Барымта, сырымтасы көп болатын. Әлекеңнің ғалым болып қалыптасуына Қаныш Сәтпаевтың игі әсері болды. Әлекеңе бағыт-бағдар берген Қанәкең. Бір келгенде екеуі Баянауылдың өз басына соқпай кетті. Қудалау өтіп кетті ме?! Белсәңділер, нашар естеліктер болды ма екен?! Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ арыстары – Әлекеңе әсер еткен екінші мектеп. Беғазы-Дәндібай даласын зерттеуді есиет қылып айтып кеткен Әлихан Бөкейханов сияқтанады маған. Әлекең Москвада Әлиханның үйінде тұрған».

Осы орайда Жабайхан Әбділдиннің жеткізгені: «Беғазы-Дәндібай мәдениеті қазақ халқы көшпелі емес деген идеяны дәлелдеген. Біз осы жерде ғұн заманында да болғанбыз. Шовинистер көшпелі халықтың еш

мәдениеті жоқ деп шулайды. Қыпшақтар біз жартылай көшпеліміз, анық қыстауымыз бар деген. Кіші жүз мекендеген жерлерде, 18 ғасырдағы бейіттері көз тарттады. ...Әлкей Хаканұлының айтуынша, дүниедегі ең биік шың – ғылым, білім, мәдениет. Шын құндылықты саналы түрде түсінгені ғой, Әлекең де, Мұхаң да қызметке қызықпаған».

Ал **Данель Әлкейқызы**: «Бәлкім, әкем туралы ғылыми мемуарлық шығарма жазу керек болар».

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының мүше-корреспонденті, Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері, Әлихан Бөкейханов атындағы сыйлықтың лауреаты **Бақытжан Тобаяқов** «Марғұлан орбитасы» атты ұлы тұлғаға арнау өлеңін оқыды.

Белгілі ақын, жыршы **Баянғали Әлімжанов** Әлкей Марғұланның есімі көзі тірісінде ұранға шыққан батыр бабасы **Олжабай батыр** туралы аңыз-өңгіме айта келіп, былай деді: «Әлекең – жер астынан өз халқының тағдырын іздеген адам. Қызғыз халқының эпостық жыры «Манастың» бір тарауын «Көкөтайдың өртегісі» деп Әлекең аударған».

Қазақтан шыққан жалғыз манасшы **Баянғали ақын** «Манас» жырынан төгілте, үлкен шеберлікпен үзінді жырлағанда қалың аудитория, студенттер, сарбаздар серпіле, сүйсіне тыңдады.

Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейінің директоры **Ербол Іргебай** «Әлкей Марғұлан өмірі мен шығармашылығы арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру» тақырыбында бейнебаян көрсетіп, академикке арналған тамаша мұражай ашып отырған мектепте ғұлама ғалымға қатысты өткізілген іс-шаралар туралы әңгімеледі. Қос бірдей шәкірті Әлкей ғалымға арнаған өлеңдерін оқыды.

Этнограф-ғалым **Темірғали Аршабеков** «Әлкей Марғұлан және Ұлытау өңірінің тарихи-мәдени мұрасы» тақырыбында ой тарқатып, Қазақ хандығының ордасы – Ұлытау, 1998–2000 жж. Жошыхан кесенесін қалпына келтіруде тастағы таңбалар, теректі таңбалар қажет болғанын айтты.

«Дөңгелек үстелді» Ұлттық академиялық кітапхана бас директорының орынбасары **Ғалия Бөкейқызы** қорытындылап, келген қонақтарға құрмет білдіріп, ғалымның қызы **Данель Әлкейқызына** гүл шоғы мен кітап, нөмере інісі **Мырзакәрім Адашұлына** естелікке кітап сыйлады.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА, жазушы

ЖАҢА КІТАП

«Қазақ мәдениеті және Ислам құндылықтары», «Құран ілімдеріне кіріспе» кітаптары – Ұлттық академиялық кітапханада таныстырылған кезекті кітаптар.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Астана қаласындағы өкілдігі «Нұр Астана» орталық мешіті мен Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының бірлескен «Кітап – білім бұлағы» жобасы аясында аталған кітапханада исламтанушы, теолог PhD докторы, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Уағыз-насихат және ғаламтормен жұмыс бөлімінің меңгерушісі Ершат Оңғаровтың «Қазақ мәдениеті және Ислам құндылықтары» атты монографиясының, сондай-ақ белгілі дінтанушы ғалым, «Нұр-Мүбәрак» Ислам университетінің ұстазы Қайрат Құрманбаевтың «Құран іліміне кіріспе» атты кітабының тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты.



ЖҮРЕКТЕРГЕ НҰР СЫЙЛАП...

«Қазақ мәдениеті және Ислам құндылықтары» – бұл ғылыми еңбек ислам дініндегі құндылықтарды мәдени антропологиялық феномен ретінде қарастырып, қазақ мәдениетіндегі ислам дінінің этикалық ұғымдар бастауларын философиялық, тарихи, мәдениеттану, дінтану секілді ғылымдар тоғысында, кең пәнаралық шеңберде зерттейді.

Сонымен қатар, Қазақстандағы мұсылмандық дүниетанымның аксиологиялық сипаттамасын мәдениеттанулық тұрғыдан талдайды. Монография авторы қазақ мәдениетінің қалыптасу мен даму процесіндегі ислам құндылықтары жүйесінің моральдық-этикалық категорияларын анықтап, Ислам философиясындағы ел бірлігі туралы ойлар хақында, Қазақстан үшін дәстүрлі исламға жат радикалды ағымдардың таралмауының оңтайлы мәселелері туралы ғылыми ізденіс-зерттеулерін қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық салаға нақты мәдени-танымдық зерттеу ретінде ұсынып отыр.

«ҚҰРАН ІЛІМДЕРІНЕ КІРІСПЕ»

Қазақ оқырмандарына алдымен «Хадис ілімі» атты кітабын тарту еткен дінтанушы ғалым Қайрат Құрманбаев көпшіліктің сұранысындағы көкейкесті тақырып төңірегінде ой тербепті. Өйткені, қасиетті Құран Кәрім – дінтанудың діңгегі, дүниенің кілті.

Тұсаукесер рәсімінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының найб мүфтиі Қайрат Жолдыбайұлы және Астана қаласының өкіл имамы Наурызбай Тағанұлы бастаған кеш қонақтары автордың еңбегіне баға беріп, ақ тілектерін аямады.

Жүректерге нұр сыйлап, имандылық дәнін өккен екі кітап та дінтанушы, философ, теолог мамандарға және Ислам құндылықтарын тануды мақсат еткен ізденуші қауымға арналады.



ТҰҢҒЫШ «TWINBOOK» – ТӨРІМІЗДЕ!

XXI ғасыр поэзиясындағы қолтаңбасы бөлек қос ақын Ақберен Елгезек пен Ерлан Жүніс жуықта оқырмандарына тағы бір тың туындыларын тарту етті. Авторлардың twinbook (қос кітап немесе егіз кітап) форматында жарық көрген «Ғаршы» және «Ғаусар» атты жыр жинақтарының тұсауы кесілді.

Басылым Астанадағы «Фолиант» баспасынан 1000 да-намен жарық көріп отыр. Тұңғыш «twinbook-тің» ерекшелігі – бір кітапқа екі автор жырларының қосарланып енуі. «Жүрек маусымдары», «Кейде ойлаймын», «Тылсым хаттары», «Көбелектің гүлге хаты» тәрізді тараулардан, сондай-ақ бұған дейін баспа бетін көрмеген жаңа философиялық тармақтардан тұратын көлемді кітаптың тұсауын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы бас директорының орынбасары Ғалия Бөкейқызы кесті.

Қазақ әдебиетінің жаңашыл жазбагерлеріне белгілі ақын Серік Тұрғынбекұлы, күйші, сазгер Секен Тұрысбек, ақын Серікзат Дүйсенғазин және ақын Бауыржан Қарағызұлы игі тілектерін арнады.

Әдеби кеште әрі қарай Әділ Ботпанов, Гүлнәр Салықбаева, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс тәрізді ақындардың өлеңдеріне жазылған өуезді әндер шырқалды.

«БЕРЛИН БАЛЫҚТАРЫ» РОМАНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Сәуір айының аяғында неміс жазушысы Элеонора Хуммелдің «Берлин балықтары» атты романының қазақ тіліндегі нұсқасының тұсауы кесілді. Аталған романды неміс тілінен тікелей тәржімалаған аудармашы әрі журналист – Рауза Мұсабаева.

Ұлттық академиялық кітапханада ұйымдастырылған іс-шараға автордың өзі арнайы қатысып, оқырман қауымға шығарманың жазылу тарихы туралы баяндап берді.

Балалық балғын шағын Қазақстанда өткізіп, өсе келе ата-анасымен атамекені – Германияға қоныс аударған жас қызды ерте кезеңнен мазалаған мыналар: суреттегі «Игарка, 1956» жазуы мен үйдегі ескі пышақ екен.

Осыдан келіп, автордың тағдыры туындының бас кейіпкерлерінің бірінің прототипіне негіз болыпты.

«Берлин балықтары» романы – әдеби шығарма. ...Бас кейіпкер бейнесінің кей тұстарын автобиографиялық деп айтуға болады. Ол арқылы өткен өмірімнен сыр шертсем де, оның бар болмысы менің мінез-құлқыма қарама-қайшы. Бас кейіпкерді сондай болғым келген, бірақ бола алмаған мінез-құлық иесі етіп бейнеледім. ...Романның идеясы аяқ астынаң бір ескі пышақты еске алудан өрбіді. Алғашқы көрініс көз алдыма ап-анық келе қалды, ол туралы маған кім, қашан әңгімелеп бергені есімде жоқ. Бір кезде естіген әңгіменің санама сіңіп қалғаны сонша, ол романиімның негізіне айналды. Қалған әңгіме сол тақырыптың айналасында құрылды. ...Осы романды жазуға мені екі нәрсе итермеледі, біріншісі жазушы болсам деген арман, ал екіншіден мен Германия оқырмандарына бұрыннан мәлім емес тың тақырып туралы баяндағым келді. Оқырмандарға қызық, тіпті оларды ойлануға жетелейтін оқиға желісімен қатар олардың кейбіреулеріне беймәлім тарихи деректерді де ұсынғым келді. Егер де оқырмандарым бейжай қалмаса, мен автор ретінде көп нәрсеге қол жеткіздім дер едім...», – дейді автор Goethe-Institut Kasachstan сайтына берген сұхбатында.

Неміс жазушысы Элеонора Хуммелдің

«Die Fische von Berlin»

«Берлин балықтары»

романы қазақ тіліне аударылды



© get-shot.de

Известный роман немецкой
писательницы Элеоноры Хуммель

«Рыбы Берлина»

теперь доступен и на казахском языке



Автор туралы

Элеонора Хуммел 1970 жылы Целиноград қаласында (қазіргі Астана) дүниеге келген. 1980 жылдары отбасымен бірге тарихи отаны Германияға қоныс аударған. 1995 жылдан бастап түрлі басылымдарда шығармаларын жариялап келеді.

2005 жылы «Die Fische von Berlin», 2009 жылы «Die Venus im Fenster», 2013 жылы «In guten Händen, in einem schönen Land» атты романдары жарық көрген. «Die Fische von Berlin» романы үшін автор Адельберт фон Шамиссо атындағы ынталандыру жүлдесімен, ал «Die Venus im Fenster» кітабы үшін Саксония мәдениет қорының степендиясымен марапатталыпты.



КІТАПХАНАҒА

«Құнды тарту!»




Қайыркен НҰРАЛИНОВА
Қазақстан Республикасы
Ұлттық академиялық кітапханасы
Қорлар құру бөлімінің жетекшісі

**Ұлттық академиялық кітапхананың
10 жылдық мерейтойына байланысты биыл
«Құнды тарту» атты кітап сыйлау басталды.**

ЖАҢА КІТАП

Кітапхана қорын түрлі құжаттармен толымдау, жастарды оқуға тарту мақсатында ұйымдас-тырылған акцияға «Халықаралық ақындар мен жыраулар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі, Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астанадағы Түркі академиясы, Қазақстан Республикасындағы Финляндия Елшілігі, Мемлекет тарихы институты, сондай-ақ белгілі ақын-жазушылар, суретшілер қатысып, көптеген «бағалы» деген еңбектерін ұсынып, қалың оқырманды қуанып жатты.

Айталық, акция аясында Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің проректоры Ди-хан Қамзабекұлы осы оқу ордасы атынан 150



кітап сыйласа, жеке тұлғалар да аймақтардан арнайы хабарласып, тарту-таралғысын ұсынуда. Оған айғақ, танымал ақын, жазушы, Джавахарлал Неру атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты Аманжол Шамкеновтың ұлы Ернар Шамкенов өкесінің 5 томдық туындысын жолдапты.

Бұл күні кітапхана қоры 436 кітаппен толықты.

«Құнды тарту» акциясы бойынша жыл басынан бері жалпы саны 1216 кітап сыйға қабылданыпты.

Өз кезегінде, мәдени шараға қатысушылардың барлығы да кітапхана әкімшілігі атынан алғыс хаттармен марапатталды.



Екінші бөлімде кітапханалық бірегей жоба – ҚазҰЭК-ті құру тәжірибесі, кітапханалық мәселелер және оны шешу жолдары жайлы Ұлттық академиялық кітапхананың ғалым-хатшысы Гүлшат Дәрібаеваның материалы, сондай-ақ «Бір ел – бір кітап», 2014» акциясы аясындағы мазмұнды мақалалар және кітап пен кітапхананың қоғамдағы ролін аша түсетін жазбалар жарияланды.





Гульшат ДАРИБАЕВА,
ученый секретарь НАБРК

НАПОЛНЕНИЕ КАЗАХСТАНСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭЛЕКТРОННОЙ БИБЛИОТЕКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ



КАЗАХСТАНСКАЯ
НАЦИОНАЛЬНАЯ
ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА

Расширение информационной составляющей жизни казахстанского общества на базе Казахской национальной электронной библиотеки – одно из приоритетных направлений в современной деятельности Национальной академической библиотеки РК. Работа по радикальному расширению КазНЭБ получила новый импульс после выхода Программной статьи Главы государства «Двадцать шагов к Обществу всеобщего труда» (июль, 2012г.). Перед нами была поставлена задача максимального сбора документов, отражающих прошлое, настоящее и будущее Казахстана и их размещение для общественного доступа. Одним из первых шагов в реализации поставленной задачи явилось изучение и выявление тех учреждений и организаций, которые располагают документной базой, соответствующей принципам отбора и отражения в КазНЭБ. Таковыми оказались научные и исследовательские институты, образовательные учреждения, общественные организации, архивы и музеи. Систематическая работа по выявлению ценных документов в фондах общедоступных и научных библиотек государственных

и частных высших учебных заведений дала положительные результаты. Ведущие вузы РК дали разрешение на опубликование научных трудов, вестников и материалов конференций. Редакции известных периодических изданий дали право на оцифровку и размещение выпусков в КазНЭБ. Региональные библиотеки активизировали свой вклад в развитие контента электронной библиотеки. В результате проведенной деятельности появились десятки новых партнеров, что, безусловно, отразилось на качественном и количественном наполнении электронного ресурса.

Системной работе содействовала деятельность рабочей комиссии, состоящей из ведущих специалистов НАБРК. На заседаниях комиссии идет профессиональный разговор о путях и возможностях радикального расширения ресурса, обсуждаются планы и действия, принимаются решения по отбору документов. К примеру, после долгих обсуждений принято решение о размещении в КазНЭБ монографий, вестников вузов РК, материалов международных и республиканских научных конференций и учебных изданий только с грифом «Рекомендуется использовать в учебном процессе». Для рациональной организации работы и отслеживания результатов разработан внутренний регламентирующий документ «Порядок отбора, обработки, перевода в цифровой формат и размещения документов в КазНЭБ». В результате переписки с вышестоящим органом получена возможность размещать е-копии изданий в рамках государственной программы «Издание социально-важных видов литературы». Так было получено 390 е-копий изданий, выпущенных в 2012 году и 370 е-копий 2013 года. Это, прежде всего, книги научно-популярного и документального характера, художественная литература ведущих издательств «Раритет», «Елорда», «Өнер», «Сарыарқа», «Қазақстан», «Қазақғұрт»,

«Жазушы», «Сөздік - словарь», «Фолиант» и др. Надеемся, что эта работа будет иметь свое продолжение в 2014 году. Известные государственные и общественные деятели, видные ученые - исследователи, писатели и поэты предоставили нам право на опубликование в цифровом формате своих научных трудов, диссертаций и монографий, художественных произведений (Н.Назарбаев, М. Касымбеков, А.Нурпеисов, Д.Досжан, К.Салыков, Р.Сейсенбаев, Г.Есим, А.Кекильбаев и др.).

С целью сбора и формирования электронного фонда документов, выявления документов в рамках государственной программы «Народ в потоке истории» ведется переписка с библиотеками и архивами гг. Казани, Астрахани, Омска, Уфы, Оренбурга. И здесь тоже можно назвать ряд успешных примеров: Национальный архив Татарстана предложил цифровые копии редких изданий, касающихся истории и культуры казахского народа. Получено разрешение Омской ОУНБ им. А.С.Пушкина на размещение в КазНЭБ цифровых копий 84 документов о культурно-духовных и экономических связях Омской области РФ и Казахстана. В работе по выявлению, сбору и оциф-

ИЗВЕСТНЫЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДЕЯТЕЛИ, ВИДНЫЕ УЧЕНЫЕ - ИССЛЕДОВАТЕЛИ, ПИСАТЕЛИ И ПОЭТЫ ПРЕДОСТАВИЛИ НАМ ПРАВО НА ОПУБЛИКОВАНИЕ В ЦИФРОВОМ ФОРМАТЕ СВОИХ НАУЧНЫХ ТРУДОВ, ДИССЕРТАЦИЙ И МОНОГРАФИЙ, ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ.

ровке ценных документов в помощь изучению национальной истории в фондах и хранилищах зарубежных библиотек, архивов мы столкнулись с проблемой отсутствия дополнительных финансовых средств на оплату платных услуг (поиск, выявление, изготовление цифровых копий документов), организацию культурных экспедиций. И в связи с этим думается, что было бы эффективнее координировать работу в данном направлении в зарубежных архивах и библиотеках со всеми заинтересованными сторонами во избежание дублирования и с целью рационального расходования интеллектуальных, организационных и финансовых средств. А результаты работ стали

бы достоянием всех заинтересованных сторон.

Весь спектр проблем, на решение которых направлена вышеназванная ГЦП, рассматривался в ходе парламентских слушаний «Проблемы развития украинского книгоиздания, книгораспространения и поддержки чтения в Украине», которые состоялись 15 мая 2013 г. [10]. Была отмечена необходимость осуществления целого ряда комплексных системных мероприятий для их безотлагательного решения. Весомая доля предложенных решений касалась и библиотечно-информационной сферы, в том числе обращенных к Верховному совету Украины вопросов освобождения библиотек от таможенных и въездных сборов на книги и другие документы, внесения изменений в Закон Украины о государственных закупках, способствующих покупке литературы для библиотечных фондов без



прохождения тендерных процедур и многие другие предложения. Кабинету министров Украины среди многих других важных для книгоиздательской сферы позиций относительно улучшения условий деятельности библиотек было рекомендовано обеспечивать финансирование Государственной целевой национально-культурной программы создания единой информационной библиотечной системы «Библиотека – XXI» на 2014 и последующие годы [4, 7], содействовать установлению отдельной защищенной статьей фиксированных ежегодных процентов отчислений из государственного и местных бюджетов на пополнение библиотечных фондов и подключение публичных библиотек к мировой сети Интернет, а также совершенствовать законодательную и нормативную базу относительно создания электронных версий книг на украинском языке и обеспечения свободного доступа к ним пользователей библиотек.

Рекомендации участников слушаний также включали предложения для Министерства культуры Украины, где важнейшими позициями были определены разработка Государственной программы пополнения и сохранности библиотечных фондов до 2018 г. и Государственной целевой социальной программы «Библиобус» для предоставления библиотечно-информационных услуг сельскому населению. Отдельные позиции рекомендаций относительно изучения потребностей библиотек в книжной продукции и издания определенных серий книг в рамках государственных издательских проектов были адресованы Государственному комитету телевидения и радиовещания Украины.

Приведенный пример ГЦП и парламентских слушаний, во-первых, является самым новым событием для иллюстрации развития государственных подходов к поддержанию библиотечно-информационной деятельности в Украине, во-вторых, еще раз подтверждает вывод о взаимосвязи библиотечно-информационной сферы и направленности развития других составляющих социокультурной сферы, демонстрирует наличие целого комплекса сущностных отраслевых проблем – от обновления законодательного обеспечения до финансирования уже существующих и принятия новых, важных для библиотечной системы государственных программ.

Принятая в мае 2013 г. Стратегия развития информационного общества в Украине, рассчитанная на период до 2020 г., предполагает реализацию определенных направлений, которые имеют непосредственное отношение к библиотечно-информационной деятельности. Например, в рамках выполнения направления «Электронная культура» говорится о необходимости осуществления мероприятий по обеспечению процессов перевода в электронную форму документов архивных, библиотечных, музейных фондов, фондов других учреждений культуры и создания электронных информационно-поисковых систем по истории, культуре, народному творчеству, современному искусству Украины. Предполагается аккумуляция национальных информационных ресурсов в экономической, научно-технической, социальной, национально-культурной сферах, создание необходимой технико-технологической инфраструктуры электронных информационных ресурсов в ар-

ИСПОЛЬЗОВАННЫЕ ИСТОЧНИКИ:

1. Концепція розвитку бібліотек України : проєкт (5.12.2012) [Електронний ресурс] / Українська бібліотечна асоціація : офіц. сайт. – Режим доступу : [http://ula.org.ua/index.php?id=single&tx_ttnews\[tt_news\]=182&cHash=6756be420c12401ff0fdce09eb484817](http://ula.org.ua/index.php?id=single&tx_ttnews[tt_news]=182&cHash=6756be420c12401ff0fdce09eb484817). – Назва з екрану.

2. Воскобойникова-Гузєва Е. В. Модель модернізації української бібліотечно-інформаційної діяльності / Е. В. Воскобойникова-Гузєва // Вест. БАЕ. – 2013. – № 1. – С. 42–44.

3. Вилєгжаніна Т. До питання створення довгострокової програми розвитку публічних бібліотек України / Т. Вилєгжаніна // Бібл. планєта. – 2013. – № 1. – С. 4–5.

4. Воскобойникова-Гузєва О. До питання вироблення консолідованої стратегії розвитку бібліотечно-інформаційної сфери України / О. Воскобойникова-Гузєва // Бібл. планєта. – 2013. – № 1. – С. 6–10.

5. Продержавні цільові програми: закон України // Відомості Верховної Ради України. – 2004. – № 25. – Ст. 352.

6. Про схвалення Концепції Державної цільової національно-культурної програми популяризації видавничої продукції та читання на 2014–2018 рр. : розпорядження Кабінету Міністрів України від 10.04.2013 р. № 257-р. [Електронний ресурс]. – Режим доступу: <http://zakon4.rada.gov.ua/laws/show/257-2013-%D1%80#n10>. – Назва з екрану.

7. Рекомендації парламентських слухань «Проблеми розвитку українського книговидавництва, книгорозпов-

живах, библиотеках, музеях, научно-исследовательских учреждениях с определением обязательности условия совместимости таких ресурсов. Направление «Электронное образование» предполагает развитие сети электронных библиотек на всех образовательных уровнях, систем дистанционного обучения и открытой сети образовательных ресурсов. Говорится в Стратегии и о необходимости финансирования мероприятий Государственной целевой программы «Библиотека XXI», большинство положений которой в свое время было нацелено на интегрированную информационную деятельность, консолидированное формирование информационного ресурса библиотек, архивов, музеев страны.

Такие направления Стратегии как «Электронная демократия», «Электронное правительство» уже поддерживаются библиотеками – участницами инициативного проекта международной программы «Библиомост» – «Публичные библиотеки – мосты к электронному правительству», а также через функционирование сети пунктов доступа граждан к официальной информации, действующих в сотнях библиотек страны при поддержке Программы содействия парламенту Украины.

Потенциал библиотечно-информационной сферы Украины внушительен – более 37 тысяч библиотек разного ведомственного подчинения, предоставляющие разнообразные услуги в традиционном и электронном формате более чем 1,5 млн пользователей и почти 70 тысяч профессионалов, обеспечивающих взаимодействие ресурсов и пользователей. И мы надеемся, что дальнейшая реализация Стратегии в полной мере поспособствует всесторонней модернизации библиотек как ресурсной базы развития информационного общества в Украине.

сюдження та перспективи підтримки книгочитання в Україні»: проєкт. – К., 2013. – 7 с. – (Препр.).


8. Про затвердження Державної цільової національно-культурної програми створення єдиної інформаційної бібліотечної системи «Бібліотека – XXI»: постанова Кабінету Міністрів України від 17 серп. 2011 р. № 956 // Офіц. вісн. України. – 2011. – № 71. – Ст. 2672.

9. Концепція Державної цільової національно-культурної програми створення єдиної інформаційної бібліотечної системи «Бібліотека – XXI». – Режим доступу: http://www.kmu.gov.ua/control/uk/newsnpd?npdList_stind=61. – Загл с екрана.

10. Про схвалення Стратегії розвитку інформаційного суспільства в Україні: розпорядження Кабінету Міністрів України від 15 трав. 2013 р. № 386-р [Електронний ресурс]. – Режим доступу: <http://zakon2.rada.gov.ua/laws/show/386-2013-%D1%80/>. – Загл с екрана



Ушінші бөлімде «Пәлсапа тамшылары» айдары арқылы жазушы Қайсар Әлім «Жеке кітапхана жемісі» тақырыбымен танымал тұлғалардың кітап жинау, оқу және мұралау тәжірибелерінен сыр бөліссе, жазушы Айгүл Кемелбаева «Сурет тілі – тілсіз тіл» атты мақаласында бірқатар қылқалам шеберлерінің шығармашылығына талдау жасай отырып, бейнелеу өнерінің өзіндік болмысын баяндайды.





Қайсар ӘЛІМ,
жазушы

ЖЕКЕ КІТАПХАНА ЖЕМІСІ

БАСТАПҚЫ БЕТ.

Жиналған кітабы жоқ үйді көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Оны жаны жоқ денеге теңеген екен бір дуалы ауыз. Ал аузы-мұрыны қымбат жиһазға толы, бірақ бір кітабы жоқ үйден қандай әсер алар едіңіз? Шіріген жұмыртқаның иісі мұңкіп, кекірік атқызатынын байқапты тағы бір тұлға. Ал төрт қабырғасына түгелімен кітаптар сықай жиналған шаңырақтан имандылық жылуы мен жан шуағы төгіліп, көңіл марқайып, рух асқақтап, сабырлылық салтанат құрумен бірге ішкі дүниең саф таза ауамен жаңғырып, бейкүнә өлемге ұшып кеткендей әсерге беленетінін жасырмапты. Бұл түйсіктің жай бір әсіре сөзбен шыланбағанын аңғарасыз. Шынында да, кітабы көп үй өзгеше сәнімен көз қызықтырмай ма? Жаныңды нұрға бөлемей ме? Әрбіріне көз тоқтатқан сайын мысыңды басып, қайсысын қаларыңды білмей сасқалақтап, сүйіністі күйгелектікке салынатыныңды сезесің.

Кітап – ой әлемі. Демек, жеке кітапханасы бар үй – ормандай ойымен бай әрі базарлы да назарлы, қызулы да қынулы, дәп бір білім теңізіндей көлкіп жатқан көк айдын. Желкөнін көрген қайығың білім жағалауына шыққанша беліңді талдырмас, лезде сырын алдырмас. Ең кереметі – тұмасынан тұнығына қанып білімнің, қол созым жердегі ләззатына күнде батарсың ілімнің... Әлқисса, жеке кітапхана жөніндегі әңгіменің бастапқы бетін ашайық...

КІТАП ҚАЛАЙ ЖИНАЛАДЫ?

Жан тілеуі қандай әрекетке де барғызады. Ықыласты іске тосқауыл жоқ. Кітап жинауды хобби қылып алғандар бар. Жаңа кітап көрсө, дегбірі қалмайды. Қашан таңсығы қолына түскенше тамақ ішуін ұмытады. Халық жазушысы Ә. Нұршайықов сөйткен. Он мыңнан астам кітап қоры бар жазу кабинетінде талай болғанбыз. Төрт қабырғасы сықап тұр. «Төл» басы Жорж Сандтың екі томдық «Консуэло» кітабы болыпты. Ол көзде таңдаулы кітаптарға тек жазылым арқылы ғана қол жетеді. Халима жеңгей екеуі сағат 9-да ашылатын дүкен алдындағы кезекке таңғы 5-те тұратын көрінеді. Осы төсілмен барлық классиктердің шығармаларын жинапты. Өзағанның артында бай кітап мұрасы қалды. Әзірге сол күйінде иесіз, құлазып тұр. Түбі не болады? Балалары сақтай алса жақсы. Бір мәдени мекемеге, не жоғары оқу орнының иелігіне құнттап тапсырса рухани мұра сақталып, көптің ырыздығына айналар еді-ау.

...Сәбит Мұқанов та кітап жинауға аса сергек қараған. Мәскеуде, Ленинградта оқыған жылдары Алматыдағы үйіне өлденөше жөшік кітап жіберіп тұрған. Ел аралай қалғанда алдымен кітап дүкендеріне соғып, мауқын басады екен. Кітапханасының ажарын көне кітаптар, Алаш арыстарының өңбөктері ашып тұрғанынан хабардармыз.

Қазақтың Қадыр Мырза-Әлісі әр аптаның екі-үш күнінде кітап дүкендерін аралауды машық қылған. Мәскеуден шығатын «Книжное обозрение» газеті арқылы жаңа кітаптар тізімін жасап алып, қуып іздеп, қолына түсіретін болған. «Адамдардан алмағанымды кітаптан таптым», – деп, кітапты өмірлік рухани серігі етіп өткен С. Әшімбаев студент кезінен-ақ тірнектеп жинастыра бастаған. Соның нәтижесінде аса бай кітапхана қорын түзген. Сағаттың кітап жинау құпиясы да қызық. «Қара базарға» барып, қымбат болса да екі-үш данасын сатып алады екен.

А. Сейдімбек болса, көркем шығармалардан гөрі тарихи, филологиялық кітаптарды басым жинаған. Ғылыми жұмыстарын жазғанда академиялық орындарға сирек барып-ақ қол созымдағы сөреден барлық керегін тауып отырғанын айтушы еді. Тағы бір ерекшелігі, оның кітаптары бос қаланып тұрмапты. Сапырыстырып қотара отырып, қажетіне жаратқан. Көзқанықтығы сондай, он мыңнан аса кітабының әрқайсысы қай жерде тұрғанын жазбай тани алыпты. Демек, күнделікті асуындай қажеттілігіне кірігіп кеткен ғой.

Букинист дүкендерінен сөмке толтырып қайтуды әдетке айналдырған жазушылар аз емес. Сондай жанкешті кітап жинаушының бірі – Өтежан Нұрғалиев. Марқұм ала дорбасын ұстап, әйелін қолтықтап алып бу-

кинист дүкендерін аралаудан жалықпайды екен. Ақын-философ Әубәкір Нәлібаев та жеке кітапханасын осындай жерден толықтыра біліпті. Лермонтовтың 1932–40 жылдары жарық көрген 6 томдық шығармалар жинағын букинистен болмаса қайдан сатып алар еді?

Осы жерде бір пікірдің шеті қылтияды. Шетелдерде букинист дүкендерінің жүйесі қатты дамыған. Сондай-ақ кітапқұмарлар ұйымының жұмыстары жолға қойылған. Соған орай, оқылым деңгейі өсіп отыр. Тіпті жеке кітапханалардың қорын үстемеләумен айналысатын көмек қызметтері де бар болып шықты. Осы тектес үрдісті өзімізде қалыптастырудың жолдарын іздестіріп көрсө қайтеді?

Кітапханасын кәдімгідей құмартып, сапалы жинағанның бірі айтулы ақын – Темірхан Мәдәтбек. Жүрдім-бардым емес, талғаммен жинапты. Бүгінде соның игілігін өзімен қатар өзгелер де көруде. Мұндай мысалдарды көптеп көлтіруге болады.

Әр нәрсенің тиімді тетігі болады. Соның қыбын таба білгеннің ұпайы түгел. Айталық, кітап насихатының қайтарымына үміттенген абзал Жаңа кітап оқырмандар назарына жедел іліксін деңіз. Жазушылармен кездесудің соңы кітаппен табысудың дәнекеріне айналып жатады. Авторлармен бөтпе-бөт жүздесу кітапқа деген құмарлық отын маздатады.

Студент, сен, кітап жинауды қолға алдың ба? Жас мамаң, өзіңдегі кітап қоры қордаланып келе ме? Баяғыда қырдағы қойшының үйінен көп кітап көретінбіз. Бүгін ше? Майдан өтінде кітабын жүрегіне қысып мерт болғандардың ардақты сөзіміңдей сергектік, кітапқа деген сүйіспеншілік сұйылып кеткен жоқ па? Ойласайықшы.

Мұхтар Мағауин жаңа пәтерге көше қалса, соның ең үлкен бөлмесін жеке кітапханасына сайлап алады екен. «Үйімді де осы кітаптарым үшін кеңейттім, әйтпесе, бәйбішеміз екеуімізге бәрібір емес пе?», – деп сыр ашыпты Қалтай Мұхамеджанов.

КІТАП ҚАЛАЙ ОҚЫЛАДЫ?

Құранда да кітап оқуға міндеттейтін сүре бар. Оқу – бір парызың, имандылыққа келуіңнің кепілі іспетті. Оқымыстылар оқымаса, ой тоқырайтынын айтқан. Оқымаған санада сапалық өзгерістер кемшін соғады екен. Ақпаған судың борсығаны секілді татымсыздықпен тұйықталады. Ендеше, көл, оқылық!

Кімдер қалай оқыған? Әрине, әрқалай. Дайын төсіл жүктелмеген Әркімнің парқына орай, қалауымен. Бала жастан кітапқа баулынса, есейгенде де сол үйірсектігінен ажырамас еді-ау. Өкінішке орай, қолына кітап ұстамайтын ата-ана жас жеткіншегіне бос уағыз айтады. Қайдан нәтиже болсын?!

Қазір кітап оқуға үндейтін тиімді шаралар ұйымдастырыла бастады. Соның бірі – «Бір ел – бір кітап». Бұл жобаның идеясы АҚШ-тағы белгілі кітапханалық акцияның нәтижесінде пайда болған. Бізде Абайдың «Қара сөздерінен» басталды. Келесі жылы М. Әуезовтің «Қилы заманы» оқылды. Сөйтіп жалғасып жатыр. Бұған да шүкір. Бір жағы міндеттеліп, бір жағы ықылас-ынта ояттырып дегендей, кітап оқуға жаппай кіріскендейміз. Әйтсе де «шыбыртқысыз» оқығанға не жетуші еді?

Қайталап оқудың берері мол. «Үстелдік кітап» деген ұғым қалыптасқан. Соның үлгісі ретінде Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың үстелінде әрдайым Абай кітабы жататындығын айтсақ та жеткілікті. Талай жазушылардың да мұндай әуес, жүрек түкпірінен өсте ажыратпайтын ғадәттерін жіктесек, ұзаққа кетеміз. Шығарма жаза-мын деп отырып, «Абай жолының» жүз бетін оқып тастағанын аңғармайтын «аңғал» классиктеріміз де болған.

Сонымен, кім қалай оқыған? Бауыржан Момышұлы кітапты салыстыра оқыпты. Мәселен, Лермонтовтың, Гетенің, Абайдың өлеңдерін қатаң сараптан өткізіп, ой өлгімен салыстыратын болған. Сөйтіп өзі үкімін шығарады екен. «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің тұсына – Абайдың аудармасын бестен жоғары бағалапты. Кітаптың шетіне өз ойларын ірікпей жазып қоятындар қаншама? Тіпті сала құлаш ескертпелерін де сыйғыза білген. Ал кітап бетіне еш сызат түсірмей, бүктемей, мөпелеп оқитандардың өз тесілдері бар екен. Жәке дәптерге конспект жасайды. Жазуды қиямет-қайымға теңейміз ғой, ал оқудың жауапкершілігін өсте төмендеті алмайтынымыз тағы белгілі. Оған жазып та, оқи да білген классиктеріміз М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин және басқалардың өнегесі куә. Осылай, олар өз жеке кітапханаларын жинауға барлық ғұмырын құштарлықпен арнап, мәңгілікке мұраға қалдырып кетті.

Әлемде ең көп оқитын елдердің бірі – Жапонияда мемлекет тарапынан кітап дүкендеріне қамқорлық жасалуымен қатар, жеке кітапханалардың қорлануына да мән беріліп отырады екен. Кейбір дүкендерде тұрақты тұтынушыларына кітап жеңіл бағамен сатылады. Кітабы көп әрі оны өзі ғана оқымай, өзгелермен жиі бөлісіп отыратын кітапхана иелеріне ынталандыру сыйлықтары тапсырылып тұрады. Біздегі сияқты беті ашылмай, саусақ тимеген кітаптарды ол жақта табу қиынға соғады. Үйлеріндегі ақжөм болып, мұқабасының тоз-тозы шыққан кітаптарды мақтан етсе керек.

Жасыратын несі бар, қазір жас ұрпақ жеке кітапхана жинауға ықылассыз. Бір кітабы жоқ отауды көргенде, көңіл құлазиды.

БАҚ-тардағы кітап насихатының көмшiндiгiнен баспалардан жарық көріп жатқан өнімдер дер кезінде тұты-

нушыларға жете бермейді. Телеарналардағы, радио-дағы жаңа кітаптың таныстырылымы туралы хабарлар мардымсыз, бола қалғанның өзінде сапалық жағынан көңілден шыға бермейді. Ал балалар кітаптары жөнінде сирек айтылады. Осының бәрі кітап оқылымының артуына, жеке кітапханалардың үнемі толықтырылып отыруына белгілі бір дәрежеде кедергі келтіреді.

Сөз реті келгенде айтайық, әзірге республикалық «Кітап жаршысы» газетінің жақсы талпынысы мен іргелі ізденісі құптарлық. Бірақ оны жаздыртып алатын белсенділердің аздығы қынжылтады. ...Қолда кітап болса, оқылмай қоймайды ғой.

КІТАП ҚАЛАЙ ҰРЛАНАДЫ?

Иә, жақсы кітап қолды болып, кәдімгідей ұрланып жатады. Сөйтіп иесіне қайтпай қалатындары да бар. Иесінің қаттылығынан көңілі ауған кітапты қалай да қыстырып кетіп, кейін оқып болған соң, ұрлығын өзі ашатындар көптеп кездеседі. Бұдан нені байқаймыз. Кітапқұмар жанның өзегін өртеп бара жатқан ынтызарлықты сеземіз. Сосын бұл қылығына кешіріммен қарайсыз.

Енді мына бір күлкілі жайтты белгілі жазушы Дулат Исабековтің айтқанынан көлтіріп көрелік: «...Қазіргі адамдарға бір кітапты «осыны оқып шыға ғой» деп ұсынғанның өзінде, отырған жерінде қалдырып кетеді-ау. Біздің кезімізде қолға түспей жүрген өте құнды дүниеге (құнды кітап, әрине) көзіміз түссе, жымқырып кетпеудің өзі «күнә» болатын.. Тағы да сол Асқар Сүлейменов екеуіміз. Төлеген Тоқбергеновтің жеке кітапханасындағы екі кітапқа көңіліміз кетті. Сұрап алып оқығанға бермейтінін білеміз. Бірі – Уильям Фолкнердің «Особняк» деген романы, екіншісі – Генрих Белльдің «Где ты был, Адам» романы. Осы екі кітапты Төкеңнің үйінен алып шығу үшін қаншама тер төктік десеңші. Бірақ кейін оқып болған соң ұрлығымызды мойындап, иесіне қайтарғанбыз».

Сыншы, марқұм Сайлаубек Жұмабековтің жеке кітапханасының аса бай болғанын айта келіп, белгілі жазушы Жұмабай Шаштайұлы оның кітапқа деген ниеті мүлде басқаша екендігін үлгі етіп жүреді. Сайлаубай жүз аттың ішінен Құлагерді таныған Күреңбай сыншыдан бетер сезгір, иесі аялап ұстаған кітапқа қолқа салып алып кетуден тайынбайтын табанды екен. ...«Ұрлықтың» да осындай ұлы мінезі бар екен ғой!

КІТАП ҚАЛАЙ БӘСЕКЕЛЕСЕДІ?

Не үшін бәсекелесуі тиіс? Әрине, өмір сүру үшін, оқыла беруі үшін, рухани жан азығына айналу үшін... Түсінікті. Кітаппен нендей керемет бәсекеге түсе алады екен, бәтір-ау?! Табылыпты. Ғаламтор деген дөкейің.

Компьютерлік жүйедегі ғаламторсыз үйді көзге елестете алмайсыз. Мүмкін ауылдық жерде сиректеу болар. Ал қаланың кейбір үйіндегілерін саусақ бүгіп санамалауға тура келеді. Сонымен, ғаламторың қанатын жайып, дүниенің төрт бұрышындағы жаңалық атаулыны алақаныңа салып қояды. Құп делік. Заман ағымына балайық. Дұрыс. Өркениет көшіне ілесуіміз керек қой.

Сол ғаламтордан өлем классиктерінен бастап, қалаған жазушылардың кітаптарын оқи беретін болдық. Кәдімгі жеке кітапханадан қалауыңды алып оқып отырған сәкілдісіз. Тіпті сөреден таппағаныңды табасың. Ыңғайлы. Тек экранға көз салудан тапжылмасаң, қажымасаң болды. Мемлекеттік ірі кітапханаларда да қажет дөсеңіз, осындай қызмет ұсынылады. Қазір сондай кітапхана қорларына түскен басылымдарды ғаламтор әдісіне бейімдеп ала қоятын өте күрделі технология іске қосылған. Демек, Қазақстан баспаларынан шыққан туындылармен етене танысуға, оларды керегінше оқуға зор мүмкіндік туып тұр екен. Жараған!

Бірақ ғалымдар ғаламтордан оқыған кітаптан гөрі қолыңа ұстап, беттерін парақтап, оқиғаға өзің араласып жүргендей қызынып, тарауларын аударыстырып қарап, мазмұнына өлсін-өлі үңіліп, бейне бір кітап досыңмен құшақтасып, мұң-зарыңды төккендей немесе қуаныш-шаттыққа кенелгендей болып балқығаның, жаныңды ләззаттандыратынын дәлелдеп айта бастады. Ең бастысы, ғаламторға қарағанда есте сақтау қабілеті өлгіндей кітап ұстап оқығанда өзгеше артады екен. Шіркін-ай, сонда көз қанып, ой ұшқырланып, көңіл айдынданып, зерде жебеленіп кететін болғаны ғой... Мұндай пікірді құптамасқа амалың жоқ. Соңғы бір дерек көздерінен байқағанымыздай, компьютерлендірілген АҚШ-тың өзі кітап оқи бастапты. Бұрыннан оқып келген ғой. Енді назарды осы тәсілге кеңінен салғанға ұқсайды. Кәдімгі қарапайым кітаптың жолы болғалы тұрғандай екен.

Парижге бір жолымыз түскенде, 1995 жылы ЮНЕСКО-да Әлемдік кітап мерекесін өткізу алғаш рет сөз болғаның, кейін бұл шараның ойдағыдай жүзеге асқанын естігенбіз. Сонда жеке кітапхананың негізін қаламай, мемлекеттік жүйені терең дамытудың мүмкіндіктері шектеулі болары көкейкесті мәселе ретінде қозғалыпты. Орынды көтерілген екен. Қалай десек те үй жағдайында кітап көріп, соған көз үйретпеген балдырғаннан келешекте керемет кітапқұмар адам шығады деп түйіндеу әбестік секілді. Қысқасы, ғаламтордан жерінбей отырып, қолыңнан да кітабыңды тастамау керек шығар. Қос тізгінді қатар ұстағанға не жетуші еді.

«Кітапхана туралы» заң 130 мемлекетте бар екен. Бізде ше? Әлі күнге қабылданбаған. Мұны қалай түсінеміз?

Сөйте тұра оқырманы көп мемлекет атанғымыз келеді. Ештен көш жақсы делік.

Бәсекелі заманда кітап мерейін асыратын жобаларға кең мүмкіндік ашқан дұрыс. Кітап насихатталсын, құрметтелсін! Кітапты оқымауға болмайтындай дәрежеге көтерілуіміз керек. Ықылас-ниет ояталық. Соның жолдары көп екен. Мысалы, Ақтөбе қаласында обыс әкімдігіне қарама-қарсы орналасқан Мәдениет орталығының алдында көрнекті жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің әйгілі «Қан мен тер» трилогиясының кейіпкерлеріне арналған ескерткіш бой көтергенінен хабардармыз. Соны көргенде сол кітапты қайталап оқығысы келетінін жасырмаған еді бір қартымыз. Міне, насихат!

КІТАП ҚАЛАЙ МҰРАЛАНАДЫ?

Көздің жауын алып тұрған жеке кітапханаға қараған сайын, ертеңгі күні не болар екен деп ойланып, көңілімізді аяз қарып өтетінін несіне жасырамыз. Осы мол байлықтың иесі – классик жазушының кітапханасының тағдыры не боларын кім білген шынында да? Беймәлім? Бір мысал. Энциклопедиялық білім иесі, даңғайыр ақын Қайнекей Жармағамбетовтің кітапханасынан сол көздің әдебиет тарландарынан бастап, жасөскін таланттардың сусындамағаны кемде-кем болыпты. Не іздесе сол табылыпты. Алаш арыстарының кітаптарын Мұқағали мен Кеңшілікке, тағы басқаларға тығып үлестіріп, жасырын қайтарып алып отырған ғой. Белгілі журналист Жақсылық Жүнісұлы Қайнекейдің жақын туысы болып келеді. Сол кітапхананың қызығын көргендердің бірі. Тамсанып айтады кітап жайлы. Лермонтовтың папирус қағазына жазылған кітабының данасы бар екен. Чили ақыны Пабло Неруданың өз қолтаңбасымен сыйланған кітабы сақталған. Ахаң, Жахаң, Мағжандардың арабша шығармаларын жатқа айтқанының куәсі болыпты. Ы. Алтынсариннің «Кел балалар, оқылық!» өлеңінің «Бір Аллаға сыйынып», – деп басталатынын сол кітапханадан көріп, таң қалғаны өлі есінде екен.. Сол кітапхана тағдыры аянышты болыпты. Ақын айықпас дертке ұшырап, Торғайына келіп, демі үзілерде өзі Алматыдан түгелімен алдыртқан кітапханасына жөудіреп қарай беріпті. Көзі жұмылған соң көп ұзамай қызыл кірпіштен өрілген аурухананың бір бөлмесіне жиналған кітапханасы өртке оранған.. Қалған-құтқаны қазір өл игілігіне айналып келеді...

Иелері жоқ кітапханалар... Жанашырының көз майын тауысып, жиналып еді-ау! Қазір кімге мұра боп қалды екен? Бүгінгі күнге сол толық күйінде шашаусыз жеткендері де бар, өкінішке орай шашылып қалғандары да кездеседі. Сырбай Мәуленовтің кітапханасын көр-

генбіз. Бүгін ше? Белгісіз? Фафу Қайырбековтікін Бөдеш апамыз сол күйінде жаратып отыр. Балғабек Қыдырбекұлы мен Сапар Байжановтың бай мұрасы ұрпақтарының, одан қапды былайғы жұрттың игілігіне жарауда. Сафуан Шаймерденов пен Жұбан Молдағалиевтың, Қадыр Мырза-Әлі мен Өтежан Нұрғалиевтің, басқа да көрнекті тұлғалардың кітапханалары сақталуымен ризашылық туғызады. Зейнолла Қабдоловтың Алматы мен Атырау арасына қапшықтап тасылып, қайыра түпкі қорына қосылған кітаптары да көңіл толтырады. Әлжаппар Әбішевтің кітапханасын күйеу баласы, мәдениет жанашыры Жұмаш Қасымхан жазушыға өз атынан сыйланған сол Д. Қонаевтың үйінде, сөрелеріне Әлекеңнің «бойы жетпеген» күйінде мөлеләп ұстап отыр екен. Міне, жанашырлық!

Қысылтаянда жеке кітапхана күнкөріс өтеуіне де жарап кеткен Өтпөй, қынжылыс та тудырған. Оған айғақты Н. Гогольдің 1838 жылғы 1 (13) мамырда Римнен А. С. Данилевскийге жазған хатынан аңғаруға болады: «...Прокочевич пишеть, что он мой библиотеки не продал, потому что никто не хотел купить, но что он занял для меня деньги – 1500 руб., и просит их возвратить ему по возможности скорее» («Переписка Н. В. Гоголя» в двух томах. I том).

Кітап қорын сатпағанмен, Астанадағы «Отырар» кітапханасына ықыласпен өткізушілер қатары жиілеп келеді екен. С. Бөталиев мұрасы түгелге жуық қабылданыпты. А. Сөйдімбеков 1560 қазақ шөжіресін аманаттап кетіпті. Т. Көкішев 1600 кітабын сыйласа керек. Міне, бұл өркениет еліне төн мерт мінезді құбылыс. Өркен жая бөрсін өнеге.

Түрік әлемінің мақтаншы Қоңыр Мандокидің 25 мыңнан асатын кітап қоры түзілген жеке кітапханасын Астанаға алдырту жайы сөз болып еді, нәтижесінен өлі хабарсызбыз. Ал әдебиет сыншысы, жазушы Құлбек Ергөбектің киелі Түркістанда Тұрғыт Озал көшесінен «Түркі тілдес халықтар кітапханасын» ашып, оған жиырма мыңдай кітабын сыйға тартуы – нағыз зиялы азаматтың абыройын ердайым асыра берерінің көпілі. Немесе көрнекті сыншы З. Сәріқалиев пен әдебиет зерттеушісі М. Кеңбөйілдің өмірлік достығының жарқын дөнекеріндей болған кітап алмасып, жинаудағы тәжірибесін үлгі тұта білсек, ұтарымыз мол болар еді-ау! Асылы, жеке кітапханаға қатысты өркенді істердің молыға түскені куантады.

...Жеке кітапхана рухани мұра көзіне айналып жатыр екен! Масаттандырып, марқайтады!

СОҢҒЫ БЕТ.

Әлі де талай кітап жазылып, жинала берер. Бірақ бұл мақаланың соңғы беті болғанымен, жеке кітапханалар туралы өңгіме өзегі өшқашан тартылмақ емес. Жеке кітапхана бай болсын, тәуелсіз еліміздің тағылымына сай толсын, рухани өрлеу жалғасын жүйелі тапсын. Әр отбасының оқылымы өселеңіп, өңсе тіктелсін. Ердайым кітаптың соңғы беті түгесілгенімен, жанға сөбезгілейтін нұры, ашатын сыры, төгілетін жыры үнемі жаңа беттерден үйіре еліктірсін, оқырманын. Майысыңқы сөредегі сықаған кітабың, өне – барың да, байлығың да, базарың да, сол! Қолыңды созшы біреуіне, құдіреттеніп көтерсің! Жемісіне көңелерсің!



Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,
жазушы, «Дарын» Мемлекеттік
жастар сыйлығының лауреаты

СУРЕТ ТІЛІ – ТІЛСІЗ ТІЛ

Жыл басында Ұлттық академиялық кітапхананың Көрме галереясында Қазақ Ұлттық Өнер университетінің оқытушылары мен студенттерінің қатысуымен «Шабыт шырқауы» атты сурет көрмесінің тұсауы келіген еді.

Әйгілі ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпеев туған тіліміз туралы былай пікір қалдырған екен: «Қазақ тілі – жұмбақ, не айтылса, бәрінің шешуі бар, шешуін білуге тырысу керек». Сол секілді сурет тілі де – махаббаттың тіліндей тілсіз тіл. Сөз өнері мен бейнелеу өнерінің дүниені көруі, рухы бір, құс жолы мен тақырыбы ортақ.

Бейнелеу өнеріне құштарлық бала бойына туғаннан бітеді. Әріпті таяқ деп танымайтын кішкентай балалар дүниеге көзін ашқаннан шимайлап сурет сала бастайды. Рухтың оянуы қаршадайынан білінеді.

«Қорқыт қобыз» – Дина Төлегенованың тамбурлық кестесі. Студент қыз түркілік дүниетанымды тоқыма өнері арқылы бергісі келеді. Қобызын шалып аңыратып Қорқыт ата отыр. Басына қырғыз қалпақ киген. Мүйізді қоңыр аң – жер символы. Қобыз шанағынан төгілген күй: даланың сайғағы ағып барады. Күн – шаңырақ. Көктем – құт өніп, тірлік бүршігі атқан кез.

«Мұрағат» арқылы Дина Төлегенова өмірді сұлу түспен аңдайды. Позитивизм басым. Қара түнек бояу Динада атымен жоқ. Оның «Жан дүние поэзиясы» атты кестелі гобелені жастыққа тән бұл сезімге ерік берген.

Керісінше, келесі автор Данияр Мамраевтың «Шаңырақ» атты суреті қызыл түспен берілген, қара бояуға тартып тұрады. Ауыр сезіледі.


Гүлден Мұхамеджанованың «Майданда болған үш жолдас» атты портрет жанрындағы графикамен салынған картинасы әлі жап-жас суретшінің шынайы шеберлігін танытады. Гүлден кейіпкерлері – кеуделері орден мен төсбелгілерге толы үш ата, үш майдангердің кейінгі бейбіт тірлікке дән риза бейнесін, бір-бірін көріп, жадырай өңгіме-дүкен құрған бақытты көлбетің сол сәттегі психологиялық сезім-эмоциясын анық бергені сүйсітті.

Киіз басу – қазақтың тұрмыс-салтындағы өмір сүру мәдениеті, төл өнері. Қазіргі заманда киізді декоративтік салада қолдану кең өрістеп келеді. А. Сансызбай «Дала әуені» атты туындысын 100x100 көлеміндегі киіз үй пішінінде жұмыр қылып берген. Бір қарағанда жұмыртқа, қобыз, қымыз құятын шараға ұқсайды. Шексіздікке ұласады. Сакральды, киелі атрибуттар тегін таңдалмайды. Әйгілі ғұлама Әлкей Марғұланнның көне түркілік руханиятты зерттеген тастағы петроглифтер жатта жаңғырады. Зооморфты бейнелер – көне мәдениет сарқыншағы. Айнала даланың ақбөкең, киіктері. «Ортеке-дей» қазақтың ұлттық ойыны еске түседі.

Шаңырақта ұядағы жұмыртқадай алтын күн.

Әділғали Баяндиннің «Айтбаев ауылы» – қоңыртебел тоқал тамдар, суреттелуі дәл. Сырты қоңыр болғанмен үй ішінде тірлік бар. Аулада жайылған кір қызыл-сары түсті. Сол түстер, жанды деталь, қоңырлықты жеңіп, өмірге деген жайнаған сүйіспеншілік оның кей сәттегі сұрқайлығын жұтып жібереді.

Оның «Найзатас» атты картинасы тұнжыраңқы, көрген түстей бұлдыр, бірақ бейнеде бір шындық бар. Баянауыл пейзажы Әділ-



ғалидың «Жасыбайда» атты картинасында да бар. Тау мен көл абстрактілі, бояуы түссіз деуге болады.

«Ғашықтар» – қазақтың өткенін аңсау. Романтикалық қос бейне, қыз ақ боз ат мінген, жігіттің аты құлагер. Ғашықтық қисса, Ақан сері, Біржан сал заманы. Эпикалық көру Әділғалидың «Ауыл көші» атты картинасына тән. Үкілі сәукеле ескі өмірдің қимас романтикасын танытары анық.

Елдік пен мемлекеттіктің нышанды белгісі «Бәйтерек» бейнесінен білінеді. Мадияр Көнқоспай сюда, шыныға салынған қызылды-жасылды суретте осынау нышандық белгіні беруге тырысқан.

Дана Әбдіғанидың «Астана» атты суретінде Бәйтерек пен алтын адам бейнесі бар. Абстракциялы сурет. Тарихи мұражайдан алғандай мұнда да түркілік символдар мол.

Бақыт Беласарованың «Жұпар гүл» атты натюрмортында сиренъ хош иісі полотнодан асып, мұрын жарып, бұрқырап тұрғандай сезіледі. Өсімдік өлемі құдіретін Бақыттың қылқаламы бере алған. Дастарқандағы гүл түбіндегі екі лимон мен бір алма көктемнің сиқырын күшейту үшін алынған. Бақыттың «Таудағы сыр» картинасында – арқырап жатқан тау өзені, аспалы көпір бейнеленген. Тұман түскен мезет өте көркем. Көкке шаншылған шыршалар. Күз, жасылды сары түс жеңе бастаған мезгіл.


Мифологиялық-фольклорлық сарындар – студенттер стиліне тән ерекшеліктер. Айталық, Арина Қагдашованың «Ежелгі батыр» атты композициясы төріден жасалған Бағзы батырдың түркілік бейнесі маскадан аумайды. Солтүстік Американың байырғы үндіс тайпалары, соның ішінде антропологиялық және тұрмыс-салт жағынан, ат құлағында ойнаған шабандоздығы, көшпелі өмірі қазаққа тым жақын, отаршылдар бұл құрлықтағы бизон, мустанг-жабайы жылқысымен қатар құртып жіберіп, қызылтерілі атаған команчи, апахи бейнесі дерсін. Жауынгердің басында бес қауырсын. Оның бес қаруы берілген.

Аринаның тоқыған гобелені «Уақыт-өзен» деп аталады. Мифтік көріністегі тасбақа – жер символы, оның үстінде көкке бетін бұрып, дұға оқып тұрғандай құдіретті сезілер таутөке, бірақ оның құйрығы таутөкеге лайық емес, басқа бір аңдікі, шұбалып жатыр. Зооморфты ғарыш шексіздік, петроглифтік таңбалардан қазақы сана түкпіріндегі архетип бейнелердің көрген түстей басуы тегін емес. «Жерді көк өгіз мүйізімен көтеріп тұрады, мүйізі талғанда, жер сілкінеді екен» дейтін аңыздық өңгімелер қазақ баласының құлағына сіңген.

Осыған ұқсас сарынды Мұрат Санжардың киіз үйінен көруге болады. Мұнда да ежелгі тастағы сурет – аңшы садақшы, таутөке, ұлттық космогониялық мифтегі мерген мен таутөкені еске түсіреді. Күң, Жер, көк – біртұтас өлем.

Іңкөр Мұхтардың киізден жасалған «Тарих қойнауында» туындысындағы үштік композицияға тән символ – күн-адам, Қыз Жібек, таутөкелер, тастағы петроглиф, таулар. Ол тастағы таңбаны – бас орнына күн көтерген ежелгі түркілік символды көп қолданыпты. Ақ кимешекті ана бейнесі шаңыраққа ұласқан, сәукеделі келіншек, қалқаны бар батыр, қара орман ел-жұрт. Баршасы ұйқыға кетердей маужырап төмен қарап отыр.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ



Қызық, таутеке сарың ежелгі таңбалар бір суретшіден екіншісіне жаппай көше бергені ме?! Сондай-ақ түркілік сарынды студенттер жаппай ала бергені бір сарындылықты туындатпай ма?

Еркебұлан Мауяновтың «Көктүрік» атты кескіндеуінде космос, белгісіздік, абстракция ауыр қабылданады.

«Томирис» – Ақмарал Жаманованың батигі. Зооморфты сарын. Сақ патшайымының жүзі дөңгелек, көз, қас, ерін жоқ. Бұл қазақтың атақты суретшісі, әлемнің 33 мемлекетінде көрмесі өткен Ерболат Төлелбайдың қолтаңбасына, стиліне ұқсайды.

«Галактикалық Томирис» атты батикке салынған сурет авторы – Арина Қалдашева. Ол сақ патшайымынан гөрі мысырлық Клеопатраға жақын. Сондай-ақ жұмақтан қуылар алдындағы Хауа ананы еске салардай. Мұнда 12 мүшелді білдіретін небір аң тұлғалары бар. Метаморфозаны Арина жиі пайдаланады. Құс қанаты әрі ол көбелек, бір шеті инелік. Жылан тілі Томирисінің басынан сумаңдап тұр. Терісі крокодилдікі. Көзін жұмып елтігең, басына шаш орнына малахит тастай өткір жасыл жылан ораған ғарыштық



Томирис көрген түсті бейнелейтін сияқты. Картинадағы жыланның өзі асыл тастан аумайды.

Жұлдызнамалық жаратылысты «Торпақ» атты батикке салған суретінде Тоғжан Меңдіқара бейнелеген. Қыз басына мүйізі қарағайдай бір аңның басын сәукеле киердей ұстап тұр. Бұл әлгі бойжеткен сұлудың торпақ жұлдызында туғанын, соған сай бір қасиеттері берілгенің, мінез құлқы, стихиясы бар екенін білдірсе керек. Бір көргенде жатқа Оғыз қаған, Минотавр туралы миф орала кетеді. Көудесі құс көудесіндей шығыңқы бұл қыз арқылы суретші өзін суреттегені, автопортрет. Білезігі үш орам: аспаң ғарыш және таутеке, нышандары сондай.

Гүлнәр Маханбетжанова асқабақпен натюрморт салған. Акварель. Көз тартар көркемдік бар. Асқабағы алтын бояуы, сары түс басым, «Мың бір түн» ертегісінен түсе қалғандай сәуле көп, өмірсүйгіштік пафос, шуақ көп. Асқабақ әйел махаббатының ең бір құдіретті шағын тұспалдайды.

Суретші асқабаққа сүйіспеншілігін «Күзгі натюрморт» атты картинасында жаңғыртқан. Шәйнек, сол асқабақ, қияр, лимон, шиө. Бұл жолы полотнода қылқалам көкжасыл түске ерік берген. Асқабақ арқылы суретші әйел бақытының абстрактілі құпиясын, мазмұнын берген.

Ортағасырлық ұлы суретші Иероним Босхтың діни сарын мен бестиарийлік бейнелер шарпысып жататын таңғажайып астарлы суреттерінде шырыны балбыраған, бір шетінен тесілген тәтті жемістер ажалға итермелейтін жеті күннің бірі тән ләззатына құштарлықты, нәпсіқұмарлықты тұспалдайтын.

Гүлнәр Маханбетжанованың «Ана табиғаты» атты суретінде сәукелелі жас әйел бейнесі күйеу таңдаған қызға көбірек келеді. Гүлнәрдің «Қызғалдақ» атты натюрморты параллелизмге құрылған. Сыйға тартылған бестал қызғалдақ, біреуі сары, төртеуі қызыл түсті, су құйылған, гүл салынған ыдыстың қасында бес алма, бірі сары, төртеуі қызыл. Бұл арқылы ол жан дүниесіндегі үйлесімді бергісі келеді.

Дария Қастеева. «Ана», кесте, өте сымбатты жас ана, сұлу, бауырында нәрестесі бар, басында орамалы жоқтығы әсерді сәл бұзады. «Шебер» – ұршық иірген сәукелелі қыз, киіз үй өте әсем безенген. Басқұр өрнекке толы, иірген жіптері кемпірқосақ түсіндей шат. Қасында құман тұр.



Сондай әдемілікті, қыздың құпия сәтін Тоғжан Меңдіқара «Келбет» атты гобеленінде бейнелеуге ден қойған. Жан дүниенің әлемге тараған бір сәті. Тура сондай тылсым сыр Кәмшат Сартайдың «Бикеш» батигінде бар. Қыз мүсіні құмырадан аумайды. Бұл расында тосын мотив емес, жиі кездеседі.

Әмірді әдемі бояулар арқылы беру Дария Қастееваға тән. «Бәйтерек» – ертегідегі бәйтерек, өмір ағашы. Ер Тәстік, самұрық құс, ұядағы балапандар ол суреттің иррациональды сарыны, ал негізінде бұлар иран бақтағы құстарға көп келеді. Ағаш бұтақтарында үш құс қонып отыр. Мифтік сюжетті суретші жаңа заманға бейімдейді. Осы композицияның көп вариациялығы көркемдік тәсіл екінші басқа нұсқасын беруі соның айғағы. «Бәйтеректегі құстар». Негізгі фон қызыл жалқын түс, құстар ән салып отыр. Әуелгісінде көк пен сары – күн мен түн.

София Приходьконың «Бақыт кометасы», гобелен мұнда да өмір ағашы үш мәрте таңбаланған. Шеңбер, үшбұрыш пішінде алынған. Ақ жолақ құс жолын бейнелейді. София жасып сары бояуды таңдапты.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ



Бір зейін аударар тұс, бұл көрмедегі натюрморт атаулы асқабақпен жасалыпты. Дарияның «Шығыс натюрморты» – асқабақ, ақ шәйнек, табақ, екі алма.

Құстар сарыны көрмедегі суреттерде жиі кездеседі. Евгения Дараганның «Әкемнің көгершіндері» еңбегі кептер асырайтын адамның күтімі күшті, сүйікті құстарын бейнелейді. Құстардың қозғалысы берілген. Елеңдеп, қонақтап отыр. Тықыр естілсе дүр сілкінердей.

Құстың жаманы деуге ұшқары болар, бірақ ең көне, ең мифтік, мыстан кемпірдей сұңғыласын Риза Тәжиева бейнелепті. Маргиналдық кеңістікті қамтитын бұл суреті арқылы автор ақыл ой-түйсігін аңғартады. «Не мәңгі?», майлы бояу. Сурет мәтінінен Эдгар Аллан Поның әйгілі «Құзғын» атты жауһар туындысын таныдым. «Quoth the Raven «Nevermore». Шөл Оны қазіргі экологиялық апат аймағы деп тану керек. Скрипка тартқан жігіт поп-королы атанған культтық әнші Майкл Джексонға ұқсайды. Құраған бұтақта құзғын қонақтап отыр. Скрипкашының әуенін ел үш жүз жыл жасайды деп дақпырт қылатын кәрі құс кәдімгідей тыңдап отыр. Орындық неге екені белгісіз теріс тұр. Терісбаққан дүние.

Я толкнул окно с решеткой, – тотчас важною походкой
Из-за ставней вышел Ворон, гордый Ворон старых дней,
Не склонился он учтиво, но, как лорд, вошел спесиво
И, взмахнув крылом лениво, в пышной важности своей

Он взлетел на бюст Паллады, что над дверью был моей,
Он взлетел – и сел над ней.

От печали я очнулся и невольно усмехнулся,
Видя важность этой птицы, жившей долгие года.
«Твой хохол ошпиан славно, и глядишь ты презабавно –
Я промолвил – но скажи мне: в царстве тьмы, где ночь всегда,
Как ты звался, гордый Ворон там, где ночь царит всегда?»
Молвил Ворон «Никогда».

Константин Бальмонттың нұсқасы – Эдгар Поның «Құзғын» атты классикалық өлеңінің орыс тіліне аударылған 12 аудармасының бірі. Мұхаммед Салих, туған халқы үшін жанын қиюға бар, құл болуға тумаған текті басы өз еліне сыймаған өзбектің үлкен ақыны қарғаны «Ей, ұшып жүрген қара кітап!», – деп жырлайды.

Не мәңгі? – заты философиялық сауал Қазақ «Дүние жалған» дейді. Ештеңе. Өтпелі дүниеде мәңгі ештеңе жоқ. Бұлай деп атеистер мен позитивистер, рационалистер айтады. Құдайшыл сана тек бір Жаратушы Ие Аллатағала мәңгі дер еді. Қалғаны бір Алланың рақымы мен махаббаты арқылы жарылқанады. Эдгар По Михаил Лермонтов сияқты Құдаймен алысқан ұлы ақындардың санатында болғанмен, оның Жаратушыны мансұқ еткендерден емес екені аян. Сондай бір ауытқу болады, Құдайды шын сүйетін ақын-жазушылар онымен алысады. Гоголь, Достоевский, Лермонтов, Эдгар По, т.б.

Риза Тәжиева ислам дініндегі ризашылық, құлшылық сияқты биік мұратты білдіретін ұғымды бұл жерде қолбанбағаны білінеді. Құраған бұтақ шетінде шірік, қарайып кеткен жалғыз алма ілінгені қисынсыз. Құраған бұтақ жеміс бермейді.

Ризаның «Аула» атты картинасында қаланың көп қабатты үйінің подвезі берілген. Есігі ашық, жасыл бұтақтар екінші қабатқа шейін өскен. Бұл үйде көп адамдар тұрады. Қаланың өмірі бұл суретте танылады. Мәтін астары бар, әңгіменің әлқиссасы сияқты.

Риза Тәжиеваның ата-тегіне деген сүйіспеншілігін айқын таңбалайтын «Атам мен әжем» атты картинасында ақ жаулықты үлкен шешесі мен тақиялы үлкен әкесі, яғни екі қарттың шынайы бейнесін айнытпай бере алғаны сүйсінетеді. Отбасындағы береке, отан.

Бейбіт Әсемқұлдың «Көктем» атты картинасы құс келер мезетті дөп суреттеген. Ұзамай өзен таситыны анық білінеді. Бұл – шеберлік.

«Киелі алма» – Ару Құрмашева киізден басқан сырт пішіні алма. Ағаш бұтағында 7 алма өскен. Киік кеп иіскеп тұр. Киік пен алманы бірге көру – балаңдық.

Басқа суреттерден тақырыбы тағы бір бөлек картина – «Қасиетті уақыт». Авторы – Бейбіт Әсемқұл Салынып бітпеген жаңа мешіт. Құрылысшы жігіт басында тақия, бесін мезгілінде жүзін құбылаға қарата намазға жығылды. Есігі күмбезді. Екі шелек тұр, бірі қаланып жатқан қабырғаның үстінде, бірі орындықта, сылақ жүріп жатыр. Аспан ашық, бір шөкім ақ бұлт. Суретші дұға оқып, Құдайға құлшылық қылған жас адамның бейбіт сәтін бейнелейді.

Адам саналы ойлап, қарқынды жұмыс жасауы үшін оның рухани деңгейі биік болуы керек. Қоғамда аса мән беріле бермейтін, бірақ бүгінгі интернеттің қарыштап дамып тұрған заманында да өз мәртебесін жоғалтпай келе жатқан күрделі бір сала бар. Өз қызметтерімен тікелей байланысты болғандықтан болар, сол рухани орданың мамандары ғана көтеріп жүрген көпке ортақ мәселе – оқу. Түптеп келгенде кітап оқып, онымен сырласатын жандар ғана болашақты басқарады, ал жаңа технологияны меңгергендер тек орындаушы ретінде ғана қалатынын сезінуіміз қажет.

Аға буынға қарап, олардан көрген өмірлік тәжірибелерін жаңашылдықпен жалғастыратындар – жастар. Жаңашыл жастар – кітапхананың да болашағы. Болашаққа алаңдамау үшін қазірден бастап жастарға бағыт-бағдар, нұсқау беру қажет. Себебі «Мақсат – жетістіктің желкелі». Орынды мақсаттар ғана табысқа жетелейді.

ЖАҢАШЫЛ ЖАСТАР – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Осыған байланысты ұсыныстарым:

а) Отбасылық оқу. Отбасылық оқу – озық дәстүр. Ата-аналар балаларына кітапханаға келетін жолды салып беруі керек.

Осы тұстағы тағы бір мәселе – теледидар. Балалардың кітап оқудан жалығуы өбден мүмкін. Бірақ түрлі тақырыппен теледидарда бағдарламалар көбейген уақытта балалар тек мультфильмдерді қарамай, сол бағдарламаларды көре отырып, кітап оқуға деген қызығушылықтары пайда болады. Теледидарға кітап оқу туралы, кітапхана туралы түрлі жарнамаларды қазіргі заманға сай етіп жасау қажет. Жарнамалар тек тар шеңберде қалып қоймай, мейлінше көшелерде, теледидарларда, базарларда, не болмаса саябақтарда, түрлі демалыс орындарында таралуы қажет.

ә) Жеті күндік жұмыс кестесі.

Дүйсенбі күні – әдеби кітап оқу күні. Бұл күні адамдар міндетті түрде шағын болса да әдеби кітап оқуы керек. Кезінде Ұлы Абай «Адам адамнан ойы арқылы озады», – деген еді. Ал ойды дамытып отыру үшін жиі оқып, мол ақпаратты жадымызда сақтауымыз керек.

Сейсенбі күні – ән айту күні. Нәтижесі адам сергиді, ойы бөлінеді, жағымсыз энергияларын ән айтумен шығарады.

Сәрсенбі күні – көгалға шығу күні. Адамдар табиғат аясына шығып, табиғат сырын сезінсе, олардан нағыз салауатты өмір салтын ұстанатын, жарқын болашақты байқар едік. Ешбір жан баласы табиғатқа зиян келтірмей, жер ананы аялар еді. Ең бастысы, табиғат аясында серуендеген сайын өз әлкенді тереңірек тани түсінесің.

Бейсенбі күні – тазалық күні. Тек жеке бастың гигиенасы емес, қоғамдық орындарда да тазалықты сақтау – парыз.

Жұма күні – имандылық күні. Бұл күні бізді жаратқан бір Алланың бар екеніне сеніп, шүкіршілік айтып, сабырлы, адал, жылы жүректі болар едік. Қазіргі адамдар арасындағы қатыгездік жойылып, есесіне ізгі қасиеттер бойымызға сіңірілсе игі емес пе?! Негізінде, кітапхана – мешіттен кейінгі киелі мекен, қасиетті орда.



Айнұр ТӨЛЕГЕНОВА,
Ақтөбе облысына қарасты І. Мәмбетов атындағы
Алға аудандық балалар кітапханасының әдіскері

Сенбі және жексенбі күндері – демалыс күні. Демалыс күндердің кестесі еңбекшілердің өз енішінде.

б) Өзекті мәселелер. Өзіміз білетіндей, оқырмандарды орталықтандырылған кітапханаларға бағыттайтын бірден-бір мекеме – балалар кітапханасы. Сондықтан, балалар кітапханасы қанша оқырман тартса, солардың барлығы болашақта орталықтандырылған кітапханаларға барады. Бұдан балалар кітапханасының мамандарына жауапкершілік жүгі арта түсетінін анық көреміз. Бұл да – шешімін күткен мәселенің бірі.

Тағы бір мәселе – жас балалардың интернетті шектеусіз қолдануы. Кітапханадағы интернет кабинетіне 13 жастан асқан балаларға ғана рұқсат етілуі керек. Кейбір кітапханаларда ақылы қызмет көрсетіліп жатады. Дегенмен, барлық кітапханаларда тегін қызмет көрсетілуі қадағалануы қажет. Ақылы қызмет, біріншіден, кітап оқудан бас тартуға алып келсе, екіншіден аз қамтылған отбасылардың балаларын өзімізден алшақтатып алуымыз мүмкін. Ал біздің міндет – кез келген оқырманның кітап оқуға деген ынтасын ояту.

Телеарналарда түрлі тағам өнімдері, сан түрлі суындар жиі жарнамаланып жатады. Керісінше, кітапты, кітапхананы насихаттауға келгенде, неге үнсіз қаламыз?! Сондықтан жарнаманы жолға қоюымыз керек.

Іссапарлар кімге қатысты? Республикалық, облыстық деңгейлерде ұйымдастырылатын семинар-конференцияларға кітапхана басшылары ғана емес, сонымен бірге жас мамандарды да қатыстыру қарастырылғаны жөн. Өйткені, «Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық».

Мамаң тапшылығы. Өмірде ақша, байлық бақыт әкелмейді, бақыт байлықпен бағаланбайды. Дегенмен, мардымсыз жалақымен өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан да осы салада қызмет етіп жүрген жастар немесе тәжірибелі, білікті мамандар басқа салаға жиі ауысып жатады.

Қысқасы, қордаланған мәселелер күн тәртібінен түспей тұрғанда, кітапхана ісін игерілетуге кедергі неден келетіні көпшілікке мәлім.

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



Құрметті оқырмандар!

Сіздерді «Кітап патшалығы» журналына жазылушылардың қатарынан көруге қуаныштымыз.

Жазылу индексі:

- «Қазпошта» АҚ каталогында - 74330
- «Евразия Пресс» агенттігінде - 74330
- «Эврика Пресс» агенттігінде - 74330

Жазылу бағасы:

3 ай - 1038,22 тг. | 6 ай - 2 076, 44 тг. | 12 ай - 4 152, 88 тг.

Уважаемые читатели!

Мы будем рады видеть вас в числе подписчиков журнала «Кітап патшалығы».

Подписной индекс:

- в каталоге АО «КАЗПОЧТА» - 74330
- в подписном агентстве «Евразия Пресс» - 74330
- в подписном агентстве «Эврика Пресс» - 74330

Подписная цена:

3 мес. - 1038,22 тг. | 6 мес. - 2 076, 44 тг. | 12 мес. - 4 152, 88 тг.



www.nabrk.kz